

ПАВЛОДАР УНИВЕРСИТЕТИ

МАГИСТРАТУРА

Қазақ әдебиеті және журналистика кафедрасы

Магистрлік диссертация


МЕКТЕПТЕ КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ТІЛІН ОҚЫТУ

(М.Ж.Көпеев, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов шығармалары бойынша)

521250 "Филология"

Орындаған  Казымбаева Д.К.
(қолы, күні)

Ғылыми жетекші


Ф.ғ.к. доцент  Жүсіпова Г.К.

(қолы, күні)

Қорғауға жіберілді:

Қазақ әдебиеті және журналистика

кафедрасының меңгерушісі

доцент  Жүсіпова Г.К.

(қолы, күні)

Павлодар, 2005

АНДАТПА

Магистрлік диссертация кіріспеден, үш тараудан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері, зерттеудің ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық мәні қарастырылды. Бірінші тарауда көркем шығарманың тіл байлығын оқытудың жолдары көрсетілді. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасы бойынша көркем шығарманың тіл байлығын оқытудың жаңа технологияға негізделген үлгісі көрсетіліп, әр түрлі стратегияларды қолданудың жүйесі ұсынылды. Екінші тарауда М.Ж. Көпеев, Ж. Аймауытов, С. Торайғыров шығармаларында синонимдерді қолданудағы ерекшеліктер талданды. Қаламгерлердің өз шығармаларында белгілі бір оқиғаға оқырман көңілін бөлігісі келсе, суреттелетін жеке бір ситуацияның оқырман сезімін, әсерін күшейткісі келсе, образдылықты арттыра түсу мақсатында синонимдердің қасиетіне сүйенетіндігін дәлелденді. Үшінші тарауда адам портреті, жүріс-тұрыстары, мінез-құлықтарына байланысты сөздердің қолданылу ерекшеліктеріне арналған. М.Ж.Көпеев, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров шығармаларында портреттің қолданылу ерекшеліктері мен атқаратын қызметіне талдау жүргізілген. Қорытындыда зерттелген проблема бойынша соңғы ой түйіндері тұжырымдалды.

АННОТАЦИЯ

Магистерская диссертация состоит из введения, трёх глав, заключения и списка использованной литературы. В введении рассмотрены актуальность темы, цели и задачи диссертационной работы, научная новизна, теоретическое и практическое значение исследования. В первой главе показаны пути обучения языковому богатству художественного произведения. Показана схема основанная на новой технологии обучения языковому богатству художественного произведения с помощью чтения, письма и развития критического мышления, а также предложена система использования разных стратегий. В второй главе сделан анализ особенностей использования синонимов в произведениях М.Ж.Копеева, Ж.Аймауытова, С.Торайгырова. Доказана способность писателей использовать синонимы в целях создания образности для обращения внимания героя на какое-нибудь событие, для оказания влияния определенной ситуации на чувство героя. Третья глава посвящена особенностям использования слов в создании портрета людей, описании их поведения, характеров. Проанализированы особенности использования портретов и их роль в произведениях М.Ж.Копеева, Ж.Аймауытова, С.Торайгырова. В заключении сделан вывод по исследуемой проблеме.

SUMMARY

Master's thesis consists of the introduction, three chapters, the conclusion and the list of used literature. In the introduction the actuality of the theme, the purposes and problems of thesis work, the theoretical and practical importance of the research are considered. In the first chapter there are shown ways of teaching to language's riches of works. There is the scheme, which is based on new teachings technology of language's riches of works by means of the reading, writing and development of the critical thinking. Also the system of using of the different strategic is proposed.

In the second chapter the analysis of the peculiarities of the synonym's using in M.J. Copeyev, J.Aimautov, S.Toraigirov's work is given. The writer's ability of synonym's using is proved in such purposes as the creation the images to pay the attention of character on any event, to give influence of the certain situation on character's sense. The third chapter is devoted the word using's peculiarities in the creation of people's portrait, the description of their conduct, temper. The peculiarities of portraitist using and their role in M.J.Copeyev, J.Aimautov, S.Toraigirov's works are analyzed. In the conclusion the inference of researched problem is given.

ЖҰМЫСТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақ әдебиетін оқыту барысында кейінгі кезеңде көтеріліп жүрген мәселелердің бірі – көркем шығарма тілін оқыту. Көркем шығарманы жалаң оқытып мазмұнын білгізіп қана қоймай, жазушының сөз тандаудағы, сөз әрлеу мен сөз қолданысындағы шеберлігін қатар таныту өте қажетті іс. Көркем шығарма тілі туралы бірнеше еңбектер жазылғанымен де, оны мектепте арнайы оқыту туралы жазылған еңбектер бірен-саран. Осы зерттеу жұмысында мектепте М.Ж.Көпеев, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров шығармаларының тілін оқыту мәселесі көтерілген. Біз бұрын жекелеген оқулық немесе мақала көлемінде ғана қарастырылып келген мәселені зерттеуіміздің толық нысаны етіп алдық. Жұмыстың өзектілігі осы зерттеуде жасалған ғылыми тұжырымдармен байланысады. М.Ж.Көпеев, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров тәрізді акын-жазушылардың шығармаларындағы синонимдердің қолданысы, адам портреті, жұрыс-тұрысы, мінез-кұлықтарына байланысты сөздердің қолданылу ерекшеліктері, тіл байлығын арнайы оқыту көркем шығарма тілін оқыту ісімен байланысты қарастырылған.

Зерттеудің нысаны. М.Ж.Көпеев, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов шығармаларының тіл байлығы мен сөз қолдану ерекшеліктері.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – мектепте көркем шығарма тілін оқытудың жолын көрсету. Осы негізгі мақсатты айқындау үшін алдымызға мынадай міндеттер қойдық.

-М.Ж.Көпеев, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров шығармаларының тіл байлығына талдау жүргізу;

-синонимдердің қолданылу аясын, тілдік қолданыстардың ерекшелігін анықтау.

Зерттеудің дереккөздері. М.Ж.Көпеевтің 2003-2004 жылы шыққан төрт томдық шығармалар жинағы, Ж.Аймауытовтың “Ақбілек” романы, бес томдық шығармалар жинағының 2 томы, С.Торайғыровтың шығармалар жинағы (1987), “Қамар сұлу” романы (2002)

Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері. Жұмыстың ғылыми негіздері ретінде отандық ғалымдар Р.Сыздыкова, Қ.Жүсіпов, Б.Шалабаев, Е.Жанпейісов, С.Хасанова, Т.Ақшолақов еңбектеріндегі көркем шығарма тілі туралы теориялық негіздері алынды. Сонымен бірге көркем әдебиет тілі және жекелеген акын-жазушылар шығармаларының тілі бойынша зерттеу жұмыстарының ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынды.

Зерттеудің әдістері. Жұмыста талдау, жинақтау, қорыту, баяндау, сипаттау, салыстыру әдістері қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Бұл жұмыста жазушы шығармаларының тілдік ерекшелігі, халықтың тіл байлығының автор баяндауындағы, кейіпкерді бейнелеудегі берілу жолдары жан-жақты қарастырылып, тілдік құралдардың қолданыс мақсаты айқындалды. Акын - жазушының сөз қолдану даралығы тілдік деректермен негізделді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар. Диссертациялық жұмысты орындау барысында онда шешілуге тиісті төмендегідей тұжырымдар ұсынылып отыр:

-көркем шығарма тілін оқыту - қазіргі кезеңде кезек күттірмейтін ең маңызды мәселе;

-каламгерлердің шығармалары тіл байлығын танытатын көркем мәтін үлгілері.

Зерттеудің теориялық және практикалық мәні. Зерттеу нәтижелерін мектепте көркем шығарманы оқытуда, оқулықтар мен оқу құралдарын жазуда, мектеп, лицей, колледж, сондай-ақ филология факультетіндегі қазақ бөлімі студенттері үшін арнайы курстар мен семинарлар жүргізуде пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының мақұлдануы мен жариялануы. Диссертациялық жұмыстың басты нәтижелері күрестік жұмыста, “ПаУ хабаршысы” ғылыми журналында жарық көрген “Мектепте көркем шығарма тілін оқыту” атты мақаласында, “М.Ж.Көпеев оқулары” атты жинаққа енген “Синонимдердің қолданысы” атты мақалада жарияланды. “ПаУ хабаршысы” ғылыми журналына “Ж.Аймауытовтың шығармаларында адам портреті, жүріс-тұрыс, мінез-құлықтарына байланысты сөздердің қолданысы” атты мақала ұсынылды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Жұмыс кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан тұрады. Соңында әдебиеттер тізімі берілген.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	5-7
1.Көркем шығарманың тіл байлығын оқыту	8-23
2.Синонимдердің қолданылу ерекшеліктері	24-36
3.Адам портреті, жүріс-тұрыс, мінез-құлықтарына байланысты сөздердің қолданылу ерекшеліктері	37-53
Қорытынды	54-57
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	58-59

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиетінің мектепте оқытыла бастауы тарихында Орталық Партия Комитетінің “Бастауыш және орта мектеп туралы”(1931), “Көркем әдебиет ұйымдарын қайта қарау туралы”(1932) қаулыларының ерекше маңызы болған. Осы кезден бастап қазақ әдебиетінен бағдарлама, оқулықтар жасау идеясы туады. 1934 жылы тұңғыш рет қазақ әдебиетінің мектептік бағдарламалары жарық көреді. Сол бойынша қазақ әдебиетінің тарихы жүйеге келтіріліп, мектепте ақын-жазушылар творчествосы оқытылатын болды. М.Жолдыбаев, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев жазған XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті оқу кітабының шығуы (1933) осы саладағы маңызды қадам болып табылады. 1937-1938ж.ж әдебиет хрестоматиялары (10 сынып - М.Жанғалин мен С.Ерубаев) шыға бастайды. Әдебиет тарихын мектепте 1939 жылдардан бастап 8-10 сыныптарға бөліп, оқыту ұстанымы (принципі) жүзеге асырыла бастайды. 10-сыныпта совет әдебиетін оқыту ұстанымы қабылданады. Әдебиет тарихын мектепте оқытудың жаңа үлгісі негізінде оқулықтар жасау ісіне бұл кезде Е.Ысмайлов, Қ.Жұмалиев сияқты әдебиетші-ғалымдар араласып, қазақ әдебиеті тарихының мектептік курсын жасауға, сол жобамен кейін үлкен әдебиет тарихын негіздеуге еңбек сіңірді.

Қазақ әдебиетінің пән ретінде мектепте оқытыла бастауы оқулықтар жасаудағы тәжірибелермен бірге, мектепте әдебиетті оқытудың методикасын туғызып қалыптастырды. Бұл жөніндегі алғашқы тәжірибелер 1930-шы жылдардың аяқ кезінде-ақ жинақталып жарық көре бастайды. “Қазақ тілі мен әдебиеті”, “Орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті”(1939), “Әдебиеттегі оқу материалдары” (1940) атты жинақтары дәлел бола алады.

1950 жылдардан бастап әдебиет сабағын оқытудың проблемалық әдістері кеңінен сөз бола бастайды. Сабақты проблемалық тәсілмен оқытудың ғылыми-теориялық тәжірибелері жинақталып, мектеп өміріне ене бастайды. Осы жылдары “Мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың методикасы” жинағы, Ә.Қоңыратбаевтың “Әдебиетті оқыту методикасы”, А.Көшімбаевтің “Қазақ әдебиетін орта мектепте оқыту методикасының мәселелері”, Т.Ақшولاковтың “Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын ашу” тәрізді кітаптары жарыққа шығып, қазақ әдебиеті пәнін оқыту ісінің жақсартылуына ықпалын тигізген.

1960 жылдары Ә.Дайырованың “Орта мектепте І.Жансүгіровтің өмірі мен шығармаларын оқыту” еңбегі, Ә.Қоңыратбаевтың “Әдебиетті оқыту әдістемесінің очерктері”, 1968 жылы “Мектепте қазақ әдебиетін оқыту” жинағы, 1969 жылы А.Көшімбаевтің “Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі” атты оқу құралы жарыққа шыққан.

1970 жылдары С.Қалиевтің “Мектепте Ғ.Мүсірепов шығармаларын оқыту әдістемесі” атты оқу құралы шыққан. 1974 жылы Ә.Қасымбекованың “С.Сейфуллин өмірі мен шығармашылығын оқыту жолдары” атты оқу құралы, Қ.Әміровтің “Жоғарғы класстарда қазақ әдебиетінен тапсырмалар жүйесі” көмекші құралы, Т.Ақшولاковтың “Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту” монографиясы, Р.Сүлейменованың “●оқушылардың

әдебиеттен өздігінен орындайтын жұмыстарын ұйымдастыруы” еңбектері жарияланады.

1980-1990 жылдары С.Дүкенбаевтың “Мектепте драмалық шығармаларды оқыту”(1985), Т.Ақшولاқовтың “Көркем шығарманы талдау”(1983), Ә.Қасымбеков “Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды жетілдірудің жолдары”(1989), 1997жылы Қ.Бітібаеваның “Әдебиетті оқыту әдістемесі” еңбектері басылып шықты. Көркем шығарма тілін оқыту мәселелерін қозғаған филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.М.Жүсіповтің “Өлең сырын ашу”(“Қазақстан мектебі”1983,№8), “Абайдың “Жаз” өлеңін оқыту”(“Қазақстан мектебі”1989,№11), “С.Сейфуллиннің “Көкшетау” поэмасын оқыту мәселелері”(“Қазақстан мектебі”1984,№10), “Абай жолы тілін оқыту”(“Семей таны”1984,7.12, “Қазақстан мектебі” 1987,№3) атты мақалалары жарық көрді. Көркем шығарма тілі туралы зерттеулерден Е.Жанпейісовтың “Қазақ прозасының тілі”(1968), С.Хасанованың “Ы.Алтынсарин шығармаларының тілі”(1972), Б.Шалабаевтың “Көркем проза тілі”(1994), Р.Сыздықованың “Абайдың сөз өрнегі”(1995), “Сөз күдіреті”(1994) атты еңбектерін атауға болады. Бұл еңбектер әдеби тіл мен көркем әдебиет тілі, проза тілінің алғашқы даму дәрежесі, 1920-30 жылдардағы проза тілінің қалыптасу дәрежесін көрсетуге (Е.Жанпейісов “Қазақ прозасының тілі”), Ы.Алтынсариннің қазақ жазба әдеби тілінің негізін салудағы ролі, шығармаларының тілдік, стильдік ерекшеліктері, текстологиясын қарастыруға (С.Хасанова “Ы. Алтынсарин шығармаларының тілі”), проза тілінің теориясы мен халықтық проза тілінен көркем проза тіліне дейінгі дамуы белгілеуге (Б.Шалабаев “Көркем проза тілі”), Абай шығармаларындағы образдың эстетикалық өрісін, сөз таңдау, сөз құбылыту, сөз үндестіру қырларын танытуға (Р.Сыздыкова “Абайдың сөз өрнегі”), жазушы тілі және оның көркемдік әлемі, тарихи романдардың тілі, функционалдық стильдер мен көркем әдебиет стилін айқындауға (Р.Сыздыкова “Сөз күдіреті”) арналған. Алайда көркем шығарма тілін арнайы талдай оқыту жайында жазылған оқулықтар өте сирек. Оның ішінде Б.Шалабаевтың “Көркем әдебиет тілі және оны мектепте оқыту” еңбегін, Қ.М.Жүсіптің “Көркем сөздің күдіреті” (2000), “Мектепте қазақ әдебиетін оқыту”(2003) кітаптарын атауға болады. Е.Жанпейісов көркем әдебиет тілінің тек өзіне тән табиғатын, өзіндік сипатын танытатын айрықша белгісі не деген сауал қойып, ол көркем әдебиет тілінің коммуникативтік функциясының сыртында эстетикалық та функция атқаратындығы деп көрсетеді. Сөздердің өзара тығыз мағыналық байланысқа түсуі жалпы әдеби тілде тұрақты процесс болғанымен көркем шығарма тілінде мұндай тұрақтылық сақтала бермейтіндігіне, әдеби тілдегі үйреншікті тіркестерден бөтен үлгіде келетін сөз қатарлары жиі ұшырасатынына тоқталады. Көркем әдебиет тілінің өзіне лайық яғни өзінің табиғатына сәйкес сөз қолдану үлгісі болатынын көрсетеді[14]. С.Хасанова көркем әдебиет тіл арқылы ғана жүзеге асатындығына, автор көздеген максатын, айтар ойы мен берер сезімін лайықты образ арқылы бейнелеуі тиіс екендігіне, көркем тілмен жазылған әдебиет қана көркем дүние болып танылатынына аса мән береді. Шығарма тілінің көркемдігі суреткердің сөзді аз-көп қолдануына емес, әр сөздің көркемдік сырын тауып жұмсай білуіне байланыстылығына, яғни

жазушы сөздің қиюын тауып, қиыстырып, тиісті жеріне тетігін тауып қолдана білу керектігіне, осы ретте ойдың түсініктілігін, айкындығын дәлелдей түсу үшін, сөз мағынасын сан сакқа құбылтып жұмсайтындығына көңіл аударады[45]. Р.Сыздықова көркем шығарма тілін талдаудағы басты объект — сөз екендігін, өйткені сөз поэтикалық қызмет атқарғанда өзінің мүмкін және жасырын жатқан, яғни контексте ғана көрінетін мағыналарын ашатындығын дәлелдейді. Өлең тілін талдауда негізгі мақсат — акынның сөз кестесін, көріктеу құралдары мен көркемдеу тәсілдерін танып-таныту болмақ. Екінші сөзбен айтқанда, акын поэзиясының мазмұны мен сол мазмұнның тілдік көрінісін зерттеу екендігін, ғылымда мұны суреткердің идиостилін көрсету деп те атайтындығын, жеке суреткердің идиостилін танытуда әдеби дәстүр, көркемсөз мектебінің ұласуы, әдеби тіл нормаларының көрінісі, акынның тілдік-көркемдік әлеміндегі ізденістері, шеберлігі, қосқан үлесі дегендер әңгіме өзегіне айналатындығын ашады[40]. Зерттеуші, ғалым Б.Шалабаев өз еңбегінде көркем әдебиет тілін зерттеудің аспектілерін қарастырып, көркем тіл, дара стиль ерекшеліктеріне талдау жүргізеді. Көркем әдебиет тілін мектепте оқытудың жолдарына тоқталып, шығарма тілін талдауда жүргізілуге тиіс жұмыс түрлерін көрсетеді. Көркем шығарма тілін талдауда үлгі ретінде Ғ.Мүсіреповтің “Оянған өлке” романын алып, оның көркемдік ерекшеліктеріне зер салған. Онда да суреткер тілінің сан қыры тұтас алынбай, романның синтаксистік ерекшелігін қарастырған[46]. Филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.М.Жүсіптің еңбегінде мектепте өлең оқыту, эпостық шығарманы оқыту, оқушының іздену мәселелері мен көркем шығарманың тілін оқытудың жолдарын көрсеткен. Өлең оқытуда бағдарлама бойынша әр сыныпқа қойылатын талаптар мен берілетін шығармалар жүйесін басшылыққа ала отырып, әр сыныпта өлең оқытудың негізгі жолдарын белгілеп, таңсырмалар жүйесін құрастырып, акындардың өлеңдерін талдау үлгісін көрсетеді. Мектепте дастан, роман оқытудың ерекшеліктерін ашып, көркем шығарманы тұтастай талдау жұмысын жүргізген[16]. Зерттеуші ғалым бұл еңбектердің мектепте қазақ әдебиетін оқытуда орын алып келген шығарма мазмұнын жалаң баяндаумен шектелу, туындының көркемдік сипатына автордың сөз нақыштау шеберлігіне үнілте алмау тәрізді олқылықтарды жоюға септігі мол болатынын баса көрсетеді. Акындық, жазушылық шеберліктің қырын ашуға, сөздің эстетикалық табиғатын тануға ерекше көңіл бөледі.

1. КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН ОҚИТУ

Білім мен тәрбие беру жүйесіндегі қайта құрудың күретаыры қазіргі мектепті ізгілендіру болса, мектепте өтілетін көптеген пәндердің ішінде оқушыларға терең білім, жан-жақты тәрбие беруде, өмірді танытып қана қоймай, көзқарасын қалыптастыруда, мінез-құлқына әсер етуде әдебиеттің алар орны өлшеусіз. Әдебиет адамды рухани биіктетеді, жан сұлулығын тәрбиелейді, ізгілікке, адамгершілікке баулиды.

Қазақ әдебиетін оқушыларға білім беру ісін өмір тәжірибесімен байланыстыру, сабақ процесінде оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын өзара бірлікте жүргізу, оқушыларды өздігінен еңбек етіп, білім алуға үйрету мәселелері - бүгінгі күнде мектептің алдына қойылып отырған ең күрделі мәселелер.

Әдеби білім мазмұнын негізінен көркем мәтін шығарма құрайды. Әдеби білім мазмұнына сөз өнерінің әр салалары мен түрлі жанрларының сұрыпталып алынған мәтіндер (шығармалар) мен оқушы қабылдауына лайықталған, жүйеленген әдебиеттану, әдебиет сыны бойынша да мағлұматтар қосылады.

Әдебиетті оқытуда басты нәрсе – шығарма, көркем мәтін. Әдебиет сабағында көркем шығарманы талдау өзекті проблеманың бірі болып есептеледі. Мәтінді оқып танысқанда оқушылардың алған әсері сол шығарманы талдау процесінде толысып, тереңдей түседі.

Көркем шығарманы талдау дегеніміз - шығарма құбылысының ішкі сырына терең бойлай отырып, оны жан-жақты ұғына, тани білу.

Шығарманы талдаудың ғылымға негізделген жүйесін қалыптастыру, оны оқу процесінде тиімді пайдалану, шығарманың мазмұнын, сюжетін, құбылысын, көркемдік ерекшелігін, тілдік шеберлігін, акын-жазушыға тән өзіндік стиль ерекшелігін оқушылардың танып, тәлім ала білуіне ықпал ету болмақ. А.Көшімбаев “Қазақ әдебиетін оқыту методикасында”: “В.В. Голубковтың пікірінше, көркем шығарма тілінің бір ерекшелігі - оның нақтылы образ жасаушылық күшінде шығармадағы жеке сөздер немесе олардың тіркесі суреттеліп отырған объектінің (адамның, заттың, құбылыстың) өзіне тән ерекшелік сипатын, өзгешелік жақтарын дәл сипаттап таныту арқылы даралық бейне жасады. Осының нәтижесінде мұндай бейне оқушыға бұрын-соңды кездеспеген, өзін өзгелерден айрықша етіп көрсететін белгілері бар жанды бейне ретінде танылып көрінеді. Мұның өзі көркем шығарма тілінің басты ерекшелігінің бірі -- оның бейнелілігінде екенін көрсетеді. Ендеше мектепте әдебиеттік шығарма тілін оқып үйренуге қойылатын басты талаптың бірі - оқушыларға көркем тілдің образ жасаушылық күшін таныту болып табылады” [20.128; 129], - дей келіп көркем шығарма тілінің бес түрлі ерекшелігін ашып көрсетеді. Оған түйіндеп көрсетушілік, кейіп жасаушылық күшін, идеялық-эмоциялық күші, мағыналық сипатын, әсер етушілік, ықпал етушілік күшін, тілдің эстетикалық күшін, әдемілік, сұлулық, өрнектілік жақтарын таныту күшін жатқызады. Аталған ерекшеліктердің мектепте әдеби-көркем шығарманың тілін оқып үйренудегі басты шарттар болып табылатынына келісе отырып, жазушы үшін ең бастысы құбылысты нақты, дәл берерлік сөздер іздеу,

оны шығарма идеясы рухына сәй жымдастырып өре білу екендігін басқа көрсеткен ғалым Қ.М.Жүсіптің пікіріне де көңіл бөлгенді жөн санадық. Шынында да көркем шығарманы оқытып, мазмұнымен ғана таныстырып қоймай, оның көркемдік сипатына назар аударып, автордың сөз нақыштау шеберлігіне оқушыны үнілте алсақ, көптеген табыстарға қол жеткізуіміз мүмкін екендігі айтпаса да түсінікті. Осы орайда М.Ж.Көпеев шығармаларының тіліне ден қойсақ, акын өзі суреттеп отырған құбылысты нақты, дәл берерлік сөздерді орынды қолдана білгенін көреміз. Мысалы, “Аңқау адам туралы” деген шығармасында базарға сауда жасамаққа шыққан сарттың аңқау, аңғалдығын көрсету барысында оның бірқатар іс-әрекетіне көңіл бұрғызып, сол арқылы оқушыға кейіпкердің барлық болмыс-бітімін, мінез-құлқын ашып жеткізеді.

“Өзімнен кетіп дәрмен шаршағанша,
Есегім мінбен саған”[21.178].-

деп өз-өзінен есегін аяп келе жатқан сарт оның жүрмей қойғанын сезіп, артына қарайды. Мұны “-Арам өлгір, немеге жүрмейсін деп, // **Ажырайып** артына сарт қарады”[21.179],-деп сипаттайды. Осы арқылы сарттың есегіне ашуланып, ұнатпай қарағанын аңғарамыз. Ал енді есегі адамға айналып, сөйлеп қоя бергенде сарттың көзқарасы қандай болуы мүмкін десек, мұнда акын “Мұны естіп сарт бейшара кетті шошып. // **Адырайып** екі көзі зәресі ұшып”[21.180],-дейді. Мұндай қараудан сарттың бойын үрей билеп, қорқынышқа бой алдырғанын байқау қиын емес. Сонда М.Ж.Көпеев “қарау” сөзін жай ғана қолдана салмайды, белгілі бір сипатқа енгізіп, құбылысты нақты ашып көрсететін сөзді тіркестіріп пайдаланады. Сондай-ақ акын бір сөзді екі түрлі стильдік мағынада қолданады.

Аяндап сарт бейшара шөлмен жүрді,
Екі ұры – бұл да жаяу соңына ерді.
Бұлармен артындағы жұмысы жоқ,
Ынылдап әшула айтып жүре берді [21.178].

Үйіне айтып соны, қайтып кетті,
Аяндап кеш болғанда зорға жетті.
Соларда бір қатынға ие болып,
Әйтеуір бұл жалғаннан өмір өтті [21.181].

Осы екі шумақтың алдыңғысында “**аяндау**” сөзі мимырт тыныштықты, алаңсыздықты білдірсе, соңғы шумақтағы “**аяндау**” сөзі өзгеше стильдік реңкке ие болған. Мұнда шаршау, қалжырау мәнін беріп тұрғанын көруге болады.

“Жарты нан туралы хикаясында” жарқыраған сандық тауып алып қуанышқа бөленген жолаушы сезімін акын “Көп олжа болды ғой”,-деп,-енді маған. // **Шаттанып** өз-өзінен сұдай тасты”[21.164],-деп бейнелейді. Бұл жерде “**шаттану**” сөзі арқылы жолаушының қуану ерекшелігін көрсек, “**сұдай тасу**” тіркесінен қуаныш мөлшерінің көлемділігін байқаймыз. Әрі осы көрініс сандықты ашқан кезде, оған шыққан жыланның айдаһарға айналып, әлгінде

ғана алтын тауып алғанына мәз-мәйрам болған жолаушының құтыларға жол таба алмай, сасқалақтап шошынғанын бедерлей түсіп, оқиғаның одан әрі дамуына алып барады. Осындай қиын-қыстау кезде селтендеп шыққан жарты адамның жолаушыға көмекке келетініне шығарманы оқу барысында көз жеткіземіз. Акын жүрудің өзге түрлерін емес “селтендеп” деген сөз арқылы жарты адамға ғана тән қозғалыс ерекшелігін ашып отыр. “Көркем әдебиеттің оқушы сезіміне эстетикалық әсері ана тілінің бейнелі көріктегіш құралдарын дұрыс бағалап, дұрыс қолданғанда ғана мүмкін болады. Басқа өнер түрлеріндегі сияқты көркем әдебиеттің мәнділігі не берілгендігінде ғана емес, қалай берілгендігінде де. Олай болса, тілдің бейнелі жақтарын бағалап, оның көркемдік, стильдік қызметтерін түсіне білуге үйрету - әдебиет пәнін оқытудағы ең маңызды методологиялық принциптердің бірі”[46.33],-дейді ғалым, зерттеуші Б. Шалабаев. Сонымен бірге әдебиет сабағында көркем шығарма тілін талдап оқытуда бірнеше міндеттер айқындалатынын атап көрсетеді. Оның біріншісі, шығарма тілін талдау барысында идеялық мазмұнды, образдар жүйесін, тақырыбын, композициялық-жанрлық жақтарын, стилін, яғни, шығарманың идеялық-эстетикалық болмысын терең түсінуге әсер ететіндігі болса, екіншісі, әдеби тіліміздің қалыптасып, дамуы туралы білімдері, тіл дамуы тарихындағы қалам қайраткерлерінің ролі туралы түсініктері молаяды деген ой-пікір білдіреді. Шынында да көркем шығарма тілін талдай оқыту сөз зергерлерінің халықтық тілді пайдалана білу шеберлігін танытумен қоса, туған тілге деген құрмет пен жауапкершілік сезімді бағалауға тәрбиелейді.

Әдебиет сабағында көркем шығарма тілін талдау бірнеше бағытта жүзеге асқаны жөн. Біріншіден, шығармадағы түрлі бейнелегіш тәсілдердің атқаратын қызметін анықтау. Екіншіден, бейнелегіш тәсілдердің жазушының негізгі мақсатына сәйкес келу-келмеуіне назар аудару. Үшіншіден, жазушының тілдік қолданысы сюжет, композиция, образ жасаудағы, шеберлігімен байланысын көрсету. Көркем шығарманың тіл байлығын оқытуда мұғалім жазушының өзіндік сөз қолданысын танытатын сөздер мен сөз тіркестеріне оқушының назарын аудартуы қажет. Шығарманың тіл байлығын оқыту кезінде оқушылардың өз бетімен істейтін жұмысын белгілеп, реттеу керек. Ең алдымен мұғалімнің көмегімен сыныпта орындайтын немесе үйде өз беттерімен орындайтын тапсырмалар беруге болады. Ол тапсырмалар мынадай сипатта болуы мүмкін: кейіпкерлердің тілдік мінездемесін бір-бірімен салыстыра талдау, табиғат суретін, кейіпкерлер портретін жасаудағы автор шеберлігіне нақты мысалдар келтіріп талдау жасау т.б. Ғалым Б.Шалабаевтың пайымдауынша: “Қай жазушының болмасын шығармасының тілін талдағанда жүзеге асырылуға тиіс маңызды шарттардың бірі – салыстырмалы талдау жүргізу. Салыстыру түрліше сипатта жүргізілуі мүмкін: жазушының бір шығармасының көлемінде мысалы, екі кейіпкердің (тіл ерекшеліктерін салыстыруға болады), бірнеше шығармасының көлемінде (мысалы, бір жазушының екі шығармасындағы портреттік сипаттауларды салыстыру) және екі жазушының тілін салыстыру түрінде (мысалы, олардың табиғат суретін жасаудағы өзіндік ерекшеліктерін көрсету) болмақ”[46.35]. Әдеби шығарма не

туралы жазылса да бәрібір, сайып келгенде, бәрі де адам. тек адам туралы ғана сыр шертеді. Сөз өнерінде адамнан тыс, адам тағдырынан тыс бірде-бір өрнек - өмір суреті жоқ және болуы да мүмкін емес (З.Қабдолов) десек, онда сол адамның алуан сезімін, мінез-кылығын, тіпті, қимыл-қозғалысын, жүріс-тұрысына дейін бейнелеуде жазушылық шеберлік тұратыны ескерілуі керек. Сонымен бірге жазушының тілдік қолданыстары шығарманың идеясы мен мазмұнына, композициялық құрылымына қандай әсері барын да ажырату қажет.

Жазушы Ж.Аймауытовтың “Ақбілек” романында да тіл байлығының мол қорына кездесуге болады. Бірнеше құбылысты бірер сөзбен немесе бір ғана сөзбен бірнеше ұғымды бере білуі арқылы сөз таңдау, сөз үйлестіру, сөз құбылту тәсілдерін терең меңгергенін байқауға болады. Мәселен бір ғана “қарау” сөзіне байланысты көптеген мысалдар келтіруге болады. “Ақбілек көзі **бажырайып** не дерін білмей сасып қалды[2.40]. “Дуана Ақбілекке **окшия** карап: -Өй, балақайым! Өтірік айтқан жарай ма? Өтірікші алланың дұшпаны ғой, - деп аяндай берді”[2.59]. “Жылтыр жұлып алғандай **тікیرهйе** карап: - Мені кім деп естідіңіз?-деп сұрады”[2.73]. “Бекболат та қолын көкірегіне басып сәлем беріп, қолын ұсынып еді, **Ықан** көзілдірігі арқылы **сүзе** карап, қу сүйек мықыр қолымен бастау ұстап: - Аманбысың?-деді”[2.92]. “Өлгі сөзді естігеннен кейін Ақбілек жасын тыйып, көзі мөлдіреп, қиялға түскенде, алдында тұрған женешесіне карап, **бедірейе** қалды”[1.129]. “Ақбілек дереу атып тұрып шам жағып, жерге қойды да қағазды жеп қоятындай **кадала** қарады”[1.42]. “Өмірі мұндай қораға кірмеген Ұлғарактың көзі **бакырайып**, ауызы аңқия қалды”[1.152]. “Сара Ақбілекке қарай тығылып, көзі бажырайып, үріккен тайлакша **ожырая** қарады”[1.167]. “Орысша киінген әйел таныған келіншек **тесірейе** карап, дәл қасына келе бергенде: - Бауырым, жиен-ау, сені де көретін күн бар екен!-деп ұшып түрегеліп, мойынынан құшақтай алды”[1.182]. Бұл мысалдардан тек қана қараудың түрлерін ғана емес, соған қоса әр кейіпкерге тән дерлік белгілі бір құбылысты немесе оның жан дүниесіндегі өзгеріс, арпалыс тәрізді сезім күйлерін аңғаруға болады. Мәселен, Жылтырдың тесірейе қарауынан өзі туралы елдің айтқан сөздерін білгісі келгендігінен гөрі соған мақтанғысы келгендей сыңайы танылады. Ал Сараның Өрікті көргендегі ожырая қарауынан бейтаныс адамды жатыркауы мен ұнатпағандығы байқалады. Ақбілектің бедірейе қарауынан өткен күндері есіне түсіп шошына қалғандығы көрінеді. Сол сияқты жүру, тұру, отыру сипаттарын ашатын сөздер мен сөз тіркестерін көптеп кездестіруге болады. Мысалы: Екі қолы алдына созулы Ақбілек **қалшия** қалды [2.9]. Ақбілек үнін шығаруға мұршасы келмей, өлген кісідей отырған жерінде **сіресіп** қалды[2.45]. Біздің Бекболат та ұшып түрегеліп, босағада **қаздып** тұра қалды [2.96]. Ақсақал өнірін жиып, қобдиланып, тамағын кенеп, ұлық келе жатқандай шалқайыңқырап, **сіресіп** қалды [2.153]. Ақбілек пен ақсақалдың сіресе қалуында айырмашылық бар. Алғашқысында шошу, үркену басым, кейінгісінде байды қарсы алуға дайындық іспетті көрініс пен жағымпаздану сияқты қылық көрінеді. Бекболаттың тұрысында есіктен кіріп келген комиссарларға көрсетілген құрметпен қоса ыңғайсыздық табы сезіледі. Жазушы кейіпкердің тұру сипатын айқындап

көрсететін сөздерді іріктеп қолданған. Сол арқылы кейіпкердің болмыс-бітімін, мінез-қылығын аша түседі.

Жазушы шеберлігі ұлттық тіл байлығының қорын орынды қолдана білуінде. Ал осы қаламгерлердің тіл байлығын мектепте оқыту жолы қандай болмақ десек, онда жаңа технология әдіс-тәсілдерін қолданғанды жөн көріп отырмыз. Жаңа технология талаптары оқушыларға көркем шығарманы, ондағы айтылған ойды, оның қоғамдық санамен байланысын, жазушы ұстанған бағытты, мақсатты түйсіне, ұғына, талдай білуге, сол арқылы өзіндік пікірін қалыптастыруға, әрбір әдеби құбылыс жөнінде өз ойын айта білуге, өздігінен оқыған шығармаларын сырттың көмегіменсіз дұрыс саралай тануға жетелейді. Ол белгілі бір жүйе арқылы әдеби шығармаларды оқыту, талдау, өзіндік дербес жұмыстарды жүргізу барысында ғана жүзеге аспақ. Іздендіруші, дамытушы, танымдық сауалдар мен тапсырмалар ғана көркем шығарманы жүйелі талдауға негіз болады және проблемалық жағдай туғызуға түрткі жасайды. Көркем шығарманың тіл байлығын оқыту мен талдауды оның неғұрлым тиімді жолдарына даралап оқыту, саралап оқыту, проблемалық ізденіспен оқыту т.б. жатады. Даралап оқытуда оқушының жеке басының қабілетінің даму деңгейі ерекшеліктерін ескеріп, оқытудың әдістерін, тәсілдерін тандап оқыту үрдістерін айтады. Проблемалық әдіспен оқытуда көзделетін мақсат - оқушылардың сабақ бойы ой еңбегімен шұғылдануын қамтамасыз ету. Проблемалық оқыту - оқушының бұрыннан меңгерген біліміне сүйеніп, мәселені толық шешу үшін аздаған өзіндік ойды шығармашылық шешімді, дербес әрекетті қажет ететін проблемалық жағдайға алып келу керек. Осы тұрғыдан келгенде оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту әдістемесі өте қолайлы. Бұл жобала сабақ құрылымы үш сатыдан тұрады: 1) қызығушылықты ояту; 2) мағынаны ажырату; 3) ой-толғаныс (рефлексия). Сынып үш топқа бөлінеді. Әр топ жуп-жұбымен келуі керек.

Бірінші сатыдағы алғашқы кадам - ой қозғау. Оқушыларға өздеріңіздің жүріп-тұрған кездеріңізді сипаттап беріңіздер деген тапсырма беріледі. Оқушылар өздерінің жүру, тұру қимылдарын сипаттаған соң, мағынаны ажырату сатысына көшуге болады. Ол үшін оқушыларға шағын мәтін беріледі. Берілген мәтіннен жүру, тұру сипатын танытатын сөздерді тауып, оның мағынасын, сөйлемдегі, мәтіндегі қызметін анықтаулары қажет. Әр топтағы оқушылар ең алдымен жеке, жұппен, одан соң топпен жұмыс жасап, қабырға қағазын дайындап, орталарынан спикер шығарып ойларын бөліседі.

I – топ

Атын артқы қасына қайкіта қаңтарып, қыл шылбырмен тұқырға тас қылып тұсап, үш атты матастырды да, қотанға кіретін епті қасқырша, бүккенден адымдады, карауытқан, кара жамылған ауылдың иті ұлып тұр. Бес-алты адым аттады ма, жоқ па, әлде шөптің, әлде шүберектің сыбдырындай судыр еткен бір дыбысты құлағы шалып қалды. Енді бір басып еді аяқ асты карауытқан шұқыр болды, шұқыр түбінде бірдеме ағарандаған тәрізді, қимыл етті:

-Ағатай-ай!- деді біреу ышқына сыбырлап.

-Ақбілекпісің?- деді әлгі адам біліп қойғандай.

-Мен едім, күтқар, ағатай?- деп аңанның ернеуіне таман өрмелеп еді:

-Құтқарам. Бұқ. Жата тұр,-деді де, казак қалбандап жоқ болды. Екі қолы алдына созулы Ақбілек қалшиып қалды [1.91].

II-топ

Кемпірдің серейген сүйектері білеуленіп, сорайған түрінен шошып, бала молда кіруін кірсе де, босағада қалшиып тұра қалды. Егер ала сақал “бер таман кел” деп, оң жағынан орын сілтемесе, әлгі бала бірталай тұратын еді. Ала сақалдың нұсқаған орнына, кемпірден аулағырақ, қоқиып отырды, көзі бажырайып кемпірге қарап, шығып барады. Отырғандардың бетіне қарап еді. бәлендей қорыққан адам көрінбеді. Қайта, алдына табак тартқан немеше, ала сақал, Алтындар сұғынып, кемпірге мінбелеп барады [1.199].

III-топ

Қарға бір батып, бір шығып, шолақ борбай тырбындап, омырауы ашық, көзінен, мұрнынан сорасы ағып, сақал мұртына сүнгі тұрып, қалтақтап келе жатқан казак көрсеңіз, ол-Жұман.

Сол жүріспен араға бір қонып, Жұман байдікіне жетті... Ертеңінде Жұман жүрерде, рақымы түскен кісі болып, өзіміз ішуге алып қалған азырақ астық бар еді. Сонша жерден әдейі жаяу келген соң, сол астықтан азырақ жырмалап берейін. Бірақ бұзауымды дөкейлетіп бересің деп, екі қызыл бұзауға бір пұт астық берді...

Алғысты үйіп-төгіп, қабып аркалап мықашындап үйіне қайтты [1.197]. Жоғарыдағы келтірілген мәтіндер бойынша топ оқушыларының ықтимал жауаптары:

I-топ. Мәтінде “бүкендеп”, “қалбандап” деген жүру түрлері, “қалшию” тәрізді тұру сипаты берілген. Ауыл сыртындағы адамның бойын тік ұстамай, басын төмен сап “бүкендеп” жүруінен оның көп көзіне түскісі келмей, бой тасалап тұрғаны, әрі әлдебір сыр бүккені байқалады. Әлгі адамның енді бірде “қалбандап” жоқ болуы құпияны одан әрі жұмбақтай түскен. Бұдан асып-сасқан немесе шапшаң қимылдаған адам әрекеті көрінеді. Ал Ақбілектің қалшиюынан жоғарыдан көмек күткендігі, әрі бұл көріністің ұзаққа созылғандығы танылады. Ауыл ішінде атыс-тартыс, айғай-шу болып жатқанда, ауыл сыртында белгісіз адамның бүкендеп жүруі еріксіз назар аудартады. Бұдан әрі қарай оқиғаның қалай дамитындығына зер салғызады. Осы жұмбақ адамның шұңқыр түбінен жәрдем сұрап, өзіне қарай өрмелеген қызға, “жат, бұқ, қозғалма”-деп “қалбандап” жоқ болуы екі ұдай сезімді күшейте түседі. Көмектесудің орнына жоқ болып кеткен жанның бөгде, жат ойынан хабар беруге қызмет етіп тұр. Ал Ақбілектің қолын алдына созып қалшия қалуы ендігі жерде жас қыздың тағдыры не болмақ деген сауалды қоюға мәжбүр етеді.

II-топ. Берілген мәтінде “қалшию”, “қоқию”, “мінбелеу” тәрізді іс-әрекет түрлері кездеседі. Есіктен кіріп келген бала молданың қалшия қалуы күтпеген көріністен шошып, үрейі ұшып, дағдарып қалғандығын көрсетеді. Оның аулағырақ барып, “қоқиып” отыруы бұл көріністі одан әрі әсерлей түскен. Бұлай отыруында бір ыңғайсыздық, келенсіздік барын аңғаруға болады. Бұрын підиеге отырып көрмеген бала молданың тәжірибесіздігін танытса, басқа молдалардың кемпірдің үстіне мінбелей түсуінен еттері үйренген, тәжірибелі

жандар екендігін көреміз. Бұл эпизодта екі түрлі көрініс пен кереғар сезімдер бар. Біріншісі, жайсыз көріністен шошып бала молданың аулағырақ “коқиып отыруы” мен үлкен молдалардың “мінбелей түсуі”. Екіншісі, шошыну, үрқу сезімімен қоса, бұл көріністің Қартқожаға ұнамағандығы, жайсыз тигені байқалады.

III-топ. Мәтінде “тырбандау”, “қалтақтау”, “мыкшыңдау” деген қимыл-әрекет түрлері берілген. Жұманның “қарға бір батып, бір шығып, тырбандауынан” қар қалыңдығымен қоса, соған орай кейіпкердің аяқ алысының мардымсыздығы, жүрісінің қиындағаны танылады. Кейінгі сөйлемдегі “қалтақтау” сөзі жүру қиындығының күшейе түскенін айқындайды. Денесіне суық өтіп, тонып, жаурап келе жатқан адам бейнесін аша түседі. Ал “мыкшыңдау” сөзі арқылы қаптың ауырлығымен бірге, әл-дәрмені азайып, шаршап-шалдыққан кейіпке қимылы байқалады. Аталған үш сөз де тұрмысы төмен адамның басына түскен бейнетті, оның зардабын бейнелеуге қызмет етіп тұр.

Әр топ өз жауаптарын дәлелдеген соң, екінші кадам “кубизмге” көшуге болады. Кубиктің алты жағы бар.

1. Қолданыз не жоққа шығарыңыз.
2. Суреттеңіз (түрі, түсі, көлемі).
3. Салыстырыңыз.
4. Саралаңыз.
5. Ойыңызбен байланыстырыңыз.
6. Қолданыңыз.

Кубикті иіргенде қай жағы түссе, соған жауап береді.

1 топқа тапсырма: Акбілек қара торы, танқы мұрын, көзі тікшиген, жұқа қабақ, қаймақ ерін, қара сұр жан.

1. Бұл Акбілектің емес, оның өгей шешесі Өріктің портреті. Сондықтан бұған келіспейміз.

2. Суреттеу (оқушының өз суреттемесі)

Акбілек аққұба, әдемі, биязы, ерке, ақылына көркі сай жан.

3. Салыстыру. Шығармадағы жазушы берген портретпен салыстыру. (Шығармадан тауып алу керек). “Мамырбайдың Акбілегі, Акбілегі - жас түлегі. айы-күні - сұлу қызы, алтын сырға, күміс шолпы сылдырлатып, былдырлатып, ақ көйлегін көлендетіп, қызыл, жасыл көрпелерін қағып үйге әкелген ед. Қасындағы қыздарына қабақ шытып, қыңкыл етіп, даусы сынқыл-сұнқыл етіп: -Көзім тартып тұрғаны несі?-деп бір бұрандап қойған ед...”[1.7].

2) Маңдайы қасқиып, мойны қарқиып, көзі мөлдіреп, ерні үлбірен, үріп ауызға салғандай жұтынып тұр еді-ау! Шашбауын сылдыр еткізіп, сып етіп түрегелгені, тізесімен ақ көйлегін серпе тастап, аяншыл бедеудей кербездене аяқ басқаны, салалы қою кірпігін көтеріп, анда-санда көз астымен бір қарап қалғаны...[1.60].

3) Басында жіңішке жиек ақ пикі панамы, аяғында еркек өкшелеу ақ брезент башмақ, үстінде ақ кенеп пәлте, бойына киімі құйып қойғандай, ақ құба, қара көз әйел палубаның шарбағына сүйеніп, пірістандағы жыбырлаған жұртқа кез салып тұр еді [1.172].

Осы мысалдардың алғашқысында Ақбілектің “бұрандауынан” еркелігі көрінсе, мәлдіреген көз, үлбіреген ерін, салалы қою кірпік қыздың сұлулығын дәлелдей түседі. Соңғы мысалдан сымбатты сәнді киінген Ақбілекті көреміз.

4) Саралау. Алғашқы мысалда жазушы Ақбілектің портретін толық беріп тұрған жоқ. Тек жекелеген ерекшеліктеріне тоқталып отыр. Атап айтқанда, күміс шолпының сылдырлауы, ақ көйлектің көлеңдеуі, даусының сұңқылдауы, кабак шытып бұрандауы. Ақбілектің кабак шытуында не сыр бар? Сол көзі тартқанына алаңдаған қыз көңілін бейнелеу арқылы жазушы алдағы болатын оқиғаға дайындық жасайды. Әрі оқушы назарын Мамырбайдың жас түлегі Ақбілекке аудартады. Оқиға аталған кейіпкер төңірегінде өрбитінін аңғартады. Екінші мысалдан Бекболаттың көзімен берілген сипаттаумен танысамыз. Оның Ақбілекке тамсанып, сүйсінгенін, жақсы көретіндігін, соған орай сағынышын да аңғарамыз. Үшінші мысалда, өмір сынынан өткен, тәжірибелі, келісті де көркем жас әйел келбеті танылады.

5) Ойыңызбен байланыстыру.

Романнан Ақбілектің сұлулығын ғана емес, көркіне ақылы сай жан екендігін де көруге болады. Ол басына талай қиын кезеңдерді өткізді, бірақ барлық ауыртпалыққа төзіп, жеңіп шықты. Ол батыл да, қайсар жан.

6) Қолданыңыз. Шығармадағы Ақбілек портретін бейнелеуде қолданылған сөздерді пайдаланып, қасында отырған оқушыны сипаттап беруге болады.

II-топ

М.Ж.Көпеевтің “Гүлшат-Шеризат” дастанында Гүлшатты “кұдайдан тілеп көптен күткен қыз бала, ай десе аузы, күн десе көзі бар” кейіпкер ретінде бейнелейді.

1. Бұл пікірді қолдаймын.

Шығармада: “Ханымдардың біреуі буаз болды, // Тақалып айы жетпеш, күні толды. // Қыз туса көп сүйінші беремін деп, // Парахзат тілемейді перзент ұлды” [21.212]-деп айтылған.

2. Суреттеу. Гүлшат тәрбиелі, көрікті, төкаппар, ақылды қыз.

3. Салыстыру.

Туыпты Ай мысалды бір қыз бала,
Тағдырдың жақсылығы бұған кара [21.212].

Той қылып тойғызады, тамам елді,
Бата қып қағыс қыл деп көз бен тілден [21.212].

Ұстаздан сабақ оқып білімді боп,
Тәрбие таза сақтап күтіп бойды [21.212].

Бұлайша осы қызды тәрбие етті,
Парахзаттың қайғысы ойдан кетті.
Ақылды парасатпен ес білетін.
Дегендей оннан он бір жасқа жетті [21.212].

Гүлшат сынды кара көз,

Қалам касты нұрлы жүз [21.216].

Алтайы кызыл түлікідей,
Токсан түрлі құбылып [21.217].

4.Саралау. Акын Гүлшаттың көптен күткен қыз бала екендігіне оқырман көңілін аудартады. Өйткені, бұл ерекшелік шығарманың тақырыптық-идеялық мазмұнымен байланысты. Парахзат басына түсетін қиындықтан қызы арқылы құтылғанды қалайды. Гүлшат – оның қорғанышы, тірегі, қасіреттен құтылар жолы. Сондықтан ұстаз алдын көрсетіп, оқытып, білім алғызып, тәрбиелеп, парасатты жан етіп өсіруге күш салады. Оны біз жоғарыда келтірілген мысалдардан танимыз. Гүлшат ақылымен қоса, аса көрікті қыз. Нұрлы жүз, кара көз, қыпша бел сұлулық элементтері болып табылады. Акын қыздың кербездігін “аяғымен басарға, кара жерді ерініп, кер маралдай керіліп” деп бейнелейді. Қызды көруге ынтыққан жандарды: “Қараған жан үңіліп, Шыбын жаннан түңіліп, // Көреміз деп ентелеп, // Мойнынан шайтан жетелеп, // Бір-біріне соқтығып” [21.217] деп сипаттайды. Осы арқылы қыздың сұлулығын паш етеді.

5.Өз ойыңызбен байланыстыру.

Дастанның басты кейіпкері қыз Гүлшат болғандықтан, акынның қолданған бейнелеу тәсілдері өте сәтті шыққан. Гүлшат әсем, кербез, ақылды ғана емес, сөзге ұста, шешен. Ол Шеризатты тағылымы мол қиссамен сусындатып, айтқанына көндіріп, әкесі Парахзаттың күнәсін кешірткізеді.

6.Қолданыңыз. Топтың әр мүшесі қастарында отырған оқушылардың бет, ауыз сипатын ашатын сөздерді тауып қолданулары керек.

III –топ.

С.Торайғыровтың “Қамар сұлу” романында берілген мына сипаттаумен келісесіз бе?

Еріткен іші-бауырынды көзі қандай,
Бал тамған майда бұлбұл сөзі қандай.
Жұп-жұмсақ, бып-биязы ішке кіріп,
Жайтаңдан жан күйдірген кезі қандай?[44.22].

А) Келісемін. Бұған шығарманы оқу барысында көз жеткізуге болады.

2.Суреттеу. Қамар ақыл, ой, мінез, көрік түгел келісін, толықсын, сәулет де сәні де үйлескен жан.

3.Салыстыру.

Күлгенде көзіңді алып кірсіз тісі,
Қайнамас оны көріп кімнің іші?
Алмас қылыш жүзіндей аударылған,
Сүйгізіп, көлеңкесі, әрбір ісі.
Нұрлы жүз жап-жағына сәуле шашып,
Бойының мінездігі онан асып.
Өңгеден сып-сыпайы һәм сүйкімді,
Ең арты жүрсе-дағы аяқ басып [44.22].

Мөлдір көз, мамық тамақ, уыз қойын,

Апырым-ай, көз қарасын тәуір еді,
Мінезін салмақтылау, ауыр еді [44.28],

Майысын солк-солк еткен өрім талмын,
Жас алма пісіп тұрған шекер балмын [44.52].

Бұл мысалдардан Қамардың да көргеннің көзі тоймас сұлулығына тәнті боламыз. “Кірсіз тіс, мінсіз бой, сәуле шашқан нұрлы жүз” сұлулық белгісі екендігі даусыз шындық.

4.Саралау. Акын романның кіріспесінде қыздың сұлулығын сипаттаумен шектелмей, “Өркімдер құдалықты ойласа да, Қамар қыз қайдан көнсін, теңін таппай”[44.22] деп алдын-ала ой тастап оқырманның қызығушылығын оятады. Жоғарыдағы бейнелеулер алдағы болатын бақытсыздыққа, қайғы-қасіретке, ауыр азапқа Қамардай сұлуды қимау сезіміне қызмет етеді. Екінші мысалда Ахметтің сезіміне куә боламыз. Ол Қамардың әсемдігіне қызығып қана қоймай, оның мінез-кұлқына да көз жүгіртеді. Қамарды өз теңі санап, жоғары бағалайды. Үшінші мысалда Қамардың Жорға Нұрымды менсінбей, өз теңі ретінде санамайтынын ашық айтып, өзінің жастығын, сән-салтанатын оған қор қылғысы келмейтіндігін танымыз.

5.Ойынмен бөлісу.

Шынында да өзі надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз бен былш-былш насыбай, елу шамасында жасы бар Жорға Нұрымға Қамардай сұлуды қор қылуға қимайсын. Сұм тағдырға, өктем озбырлыққа, әділетсіздікке налисын.

6. Топтың оқушылары көз, мұрын түрлеріне мысал келтірулері керек.

Тілді оқытып, тіл байлығын меңгерудің сапасын арттыру әр түрлі жағдайларға байланысты. Соның бірі - мәтінмен жұмыс істеуді ұтымды ұйымдастыру. К.Жаксылыкованың ескертуінше, мәтінде ойлау-танымдық мән болып, контекстік көркемдік пен жанрлық шектеулі тақырыптық принцип, мәтіннің композициялық-мәндік құрылымы мен стилі сақталуы қажет деп таниды да, мәтінмен жұмысты үш кезенге бөледі.

1.Мәтін алдындағы жұмыс кезеңінде жаттығулар, жұмыс түрлері, сөйлесім үлгілерін жинақтап, оларды мәтінде танып, айыра білу, бірден мән-мағынасын білуге жаттықтыру, әр түрлі құрылымдағы материалды меңгертуге дайындық жүргізіледі.

2.Мәтінмен жұмыс кезеңінде оның тілдік материалы мен құрылымын талдау жаттығулары орындалады. Қажетті мәліметті бөліп алу, айыра білуге машықтандыру жұмыстарын әр түрлі тәсілмен орындатуға болады.

3.Мәтін соңында оның мазмұнының негізгі элементтерін, танымдық құндылығын айқындауға, түсініктеме беруді үйретуге бағытталған жұмыстар жүргізіледі [13.17;18].

Келесі кезекте “сұрақ қою өлшемі” стратегиясын қолдануға, яғни Блум жүйесі бойынша жұмыс жүргізуге болады. Бұл жүйеде үш деңгей бар. Ойлаудың төменгі деңгейіне ес сатысы жатады. Мұнда берілген жаңа түсінікті ұғу, еске ұстау, бұрынғы білімді еске түсіру әрекеттері орындалады. Аралық төменгі деңгейге түсіну, түсіндіріп талдау сатысы жатады. Жаңа материалда берілетін білімді түсіну, өзінше түсіндіру немесе болжам жасау әрекеттері

жүргізіледі. Қолдану сатысы да осы деңгейге жатады. Жаңа білім тәжірибеде, яғни нақты жаңа жағдайда пайдаланылады. Ойлаудың жоғарғы деңгейіне талдау (анализ), синтез, бағалау сатысы жатады. Талдау сатысында алған білімді жіктеу, саралау, ең негізгі түйінді дәннен бөліп ала білу, яғни бүтінді бөліктерге жіктеу, олардың арасындағы байланысты айқындау әрекеті іске асуы тиіс. Ал синтез сатысында жеке бөліктерден, дара ұғымдардан тұтас дүние жасау көзделеді. Бағалауда жаңа ұғым, жаңа материалдың құндылығын, керектігін анықтау, пайымдау шарасы жүзеге асады. Блумның аталған жобасы бойынша тіл байлығын оқыту жұмыстарын жүргізуге болады. Ол үшін тапсырмалардың жүйесін құрып, ойлау деңгейінің сатыларына ажырату қажет.

Ес сатысы бойынша І топқа тапсырма. Адамның теріс сипаттарын танытатын сөздерді атаңыздар. Бұл тұста оқушылар өздеріне таныс ұнамсыз мінез-құлықты білдіретін сөздерді атайды. Мысалы: мақтаншақ, дөрекілік, ашушаң т.б.

Аралық төмен деңгей бойынша түсіну, ұғу сатысына тапсырма: Өздеріңіз атаған адамның теріс сипаттарын танытатын сөздер бойынша ойларыңызды ашық айтыңыздар. Оқушылар өз ойларын бір-екі сөйлеммен бере білуі керек. Осы деңгейде қолдану сатысын іске асыру үшін оқушыларға ақын-жазушы шығармасынан мысал келтіріп, ойларын дәлелдеуге тапсырма беріледі. Мысалы: С.Торайғыровтың “Қамар сұлу” романынан үзінділер келтіруге болады.

1. Қамар біреуінен әншейін бір істің жөнін сұраса да: Қамар маған сүйделі, бүйделі деп, неше күндей әркімге бір әйгілетіп, даурығуға со да жетуші еді [44.23].

2. Бірақ аулының малға мастанған мұрындықсыз желбастары ғана Ахметтің зеректігін көре алмай күндеп, іштері жарылып кете жаздаушы еді [44.24].

3. Ауыл отағасылары да: “Жөні осы. Бәрекелді, қайырлы болсын. Бір-біріннің ықыластарына қарай міне, жарасты ғой”, - деп, өліп-өшіп жарамсактанып-ақ жатыр [44.40].

4. Шіреніп, маңғазданып, маңызданып, лепіріп ақыра сөйлеп, шатпас па едің? [44.32]

5. “Бір күн тойса есектер, ми жоқ алдын есептер”, - деп тойған тоққа, жиылған топқа буланысып, лепіріспеген жан жоқ еді [44.48].

Анализ сатысында оқушылар келтірілген мысалдардың өздерінің ойларымен сәйкес келу-келмейтіндігін ажыратып, мағыналарын түсіндіріп, ақын шығармасында қандай роль аткарып тұрғанын айқындаулары керек.

Ал синтез сатысында топқа шағын мәтін беріліп, осы мәтін ішінен адам портреті бойынша оның мінез-құлық сипатын ашуға тапсырма беріледі. Жеті канат ақ орда іші толы кісі. Төрде күректей теке сакалды ақсақал. күбідей көзін ашып жұмған ақ сәлделі қара шұбар қожасы бас болып, жемсауы көкектей өңкей күшігендер отыр. Оларға таяу жуанды-жінішкелі, ұзынды-қысқаты сакалдысы, көсесі, қырықнасы, қырмасы, аралас бақа көзденген, жылтыр көзденген билер, ауылнайлар, елубасылар, аткамінерлер отыр. Көн шалбары көтіне қатқан жалғыз-жарым кедейдің көк шөлақтары төмен отыр. Белуардан төселген кілем, көрпесінің үстінде көк шұға тройкасы үрген тұлыптай

ғырсиған, шашы кірпікшешендей тікірейген, жұқа кабак, кейкі түмсык, ақ пұшык жігіт ақ жастықты шынтақтап, жантайып жатыр. Аяк жағында шытырдай болып ширатылып, қасын керіп, шынашағын шошайтып, ақ құба, ұзын мұрын, жұқа ерін ерке келіншек кымыз сапырып отыр. Кекіре-кекіре сіміріп, “жақсылар” босатқан кызыл көрден кеселерді қаршығадай сыпырып, аяғын мысықша басып, жылпос жігіт аяңшыл болып жүр. Тізе қабы салбыраған, саулы боз інгендей талтайған биеші сүтті жаңа күйіп, қара сабаны ыңкылдата пісіп тұр [1.236;237]. Бұл мәтінде портрет элементтеріне жататындар “теке сақалды ақсақал, қара шұбар қожа, бақа көзденген, жылан көзденген би, ауылнай, аткамінерлер, аяғын мысықша басқан аяңшы, боз інгендей талтайған биеші”, “шашы кірпікшешендей тікірейген, жұқа кабак, кейкі түмсык, ақ пұшык жігіт”, “аққұба ұзын мұрын, жұқа ерін ерке келіншек”. Соңғы мысалдар шағын портретке жатады. Оқушылар осылайша портрет элементтері мен шағын портретті ажыратып қоюмен шектелмей, оған түсініктеме беріп, адам мінезіне сипаттама береді.

Бағалау сатысында “Қамар сұлу” романынан және “Қартқожа” романынан алынған үзінділерді салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тауып, адам мінезін сомдаудағы С.Торайғыров пен Ж.Аймауытовтың жазушылық шеберлігіне пайымдау жасайды.

II-топқа ойлаудың төменгі деңгейі бойынша ес сатысына тапсырма. Көңіл-күй төмендігін білдіретін сөздерді атаңыздар.

Ойлаудың аралық төмен деңгейіне орай түсіну, ұғу сатысына тапсырма көңіл-күйдің төмендеу себептеріне тоқталу.

Қолдану сатысына тапсырма: көркем шығармадан мысал келтіру.

1.Мұнан соң қайғы басқан кісі секілді әрдайым мұнайып,ойланып жүретін болды [44.27]. 2.Қаламды қайтадан сия ішіне қойып, бір жақ қолымен жағын таянып, көзін сүзіп тұнжырады да қалды [44.27]. 3.Сонда жападан-жалғыз өзі ауылдан жарты шақырым бір төбе басына шығып, қоғамның азғандығына назаланып, бір түрлі тарығып-зарыққан, мұңды лебізбен бір олай, бір бұлай жүріп, қайта-қайта айта бергені мынау екен...[44.30] 4.Бір заманда үйдің іші тым-тырыс, әркімді қапалы мұнар шұңғағандай бір түрлі белгісіз уайым-қайғы да қаптап алған, қара күңгірт, көрлі тұман ішінде түнеріп, томсарысқан бір түрлі аянышты көріністе еді [44.49].

Ойлаудың жоғары деңгейіндегі талдау сатысына тапсырма. Оқушылар өздері келтірген мысалдардан көңіл-күй төмендігін білдіретін сөздерді атап, олардың стильдік реңкін ашып, шығармада алатын орнын айқындайды.

Синтез сатысында оқушыларға келесі бір шығармадан мәтін беріліп, үзіндіден жылау сипатын таңытатын сөздерді тауып, мән-мағынасын ажыратып, көңіл-күй төмендігін білдіретін сөздермен ұқсастығын, айырмашылығын ажыратып немесе өзара байланыстырып жалпы түсінік шығару жүктеледі.

Қартқожа әкесінің аса тарығып, балаша еңіреп жылағанын екі рет көрді. Бірі: қасқа атты бауыздап, жануар ішін тартып, ышқынып қорқырай бастағанда, әкесі төмен қарап: “қол-аяң-тымызы кестін бе?” деп кенкілдеп қоя беріп еді. Енді бірі: көк биенің бауыры астаудай болып ісіп, сенделіп келгенде “тандайды

біржола ағартайын дегені ғой” деп, тағы да егіліп, зарланып жылап жіберді. Ол жылаған соң, әжесі де солқылдап жылады [1.195].

Бағалау сатысында оқушылар екі жазушының сөз саптау шеберлігін, кейіпкерлердің жан-дүниесіндегі қиындық азабынан туған арпалыс сезімдерді бейнелеу шеберлігін салыстырып, пікір айтады.

III-топқа тапсырма

Ес сатысы (Төменгі деңгей). Қимыл-әрекет түрлерін атаңыздар. Түсіну. ұғу сатысы. Оқушылар өздері атаған қимыл-әрекет түрлеріне түсініктеме береді. Қолдану сатысы. Көркем шығармадан мысал келтіру.

1.Енді есен-аманында ел шетін көрсем-ау!-деп ұйқы, тамақты, шаршағанды ойына алмай, көңілі алып-ұшып, ентелей басып еңтігіп келеді [2.46)].

2.Үйіне қазір алып бара қоятындай-ақ емпендей басып келеді [2.55].

3.Сөйткенше болмады, “күйеу келді” дегеннен жаман Бозінген апырандап түрегеліп, Күмсінайға қайталап бір аяқ үн салып берді [1.50]. 4.Қара мұрті көзінің қырымен қарап қалса да, көрмеген кісі тәрізденіп, төмен қарап күйбендей берді [2.40].

Анализ сатысында топ құрамындағы оқушылар өздері келтірген мысалдағы қимыл-әрекет ерекшелігін ашып, сөйлем ішінде атқарар қызметіне түсінік береді.

Синтезде шағын мәтін беріліп, қимыл-әрекет түрлерін анықтап, кейіпкер мінез-құлқын танытудағы роліне талдау жасалады.

Ұзын бойлы, аршын тості ақсұр жігіт шекпенінің бір жеңін беліне қыстырып, жерден шөп жұлып алып, алақанын үйкеп жіберді де, ақпандағы бураша шабынып шыға келді. Кеспектей дембел қарсы барды. Есік пен төрдей келгенде аңға шабатын жолбарыстай, екеуі де арбасты. Оң қолдарын сыртқа ұстап, бірін-бірі аңдып, шыр айналды. Бір минут өтті ме, жоқ па, екі қол сарт та сұрт айқасып кетті. Ақсұр жігіт қолы желкеден тиген жерден-ақ теріс қарай иіре бастады. Әйткенмен қара да бола қоймады, жағадан тиген қолы тістей қатты. Сонша болмады, ақсұр жігіттің аяғы іліне кетті. Көз ашып жұмғанша ақ балтыры күнге шағылысып, жарқ етіп, бүрк еткізіп тастап жіберді. Жұрт шу ете түсті. Басы-көзі шаң болып, қара жігіт әрең тұрып, ырсиып тобына барды. Жыққан жактан айғайлап, одырандап біреу шықты [1.218].

Шүйделі, балтыры бураның санындай жігіт екен. Мана парттай Нығмен күреске шығарда қанын ішіне тартып, сұп-сұр болды. Бірақ асықпады, саспады, кердеңдей басып, майданға барды [1.219].

Бағалау сатысында топ оқушылары жазушының адам портреті мен қимылын бейнелеудегі сөз қолданысына пайымдау жасайды.

Мектепте көркем шығарманың тіл байлығын оқытуда оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытудың “ішіне-сыртына” деп аталатын стратегиясын да қолдануға болады. Бұл стратегияның жүйесі өте қарапайым. Тапсырма анықталып, мәтін беріледі. Тапсырмаға қатысты сөздерді ішіне, тапсырма мағынасын ашпайтын сөздерді сыртына топтап жазады.

I-топқа тапсырма.

Бет реңін ашарлық және ашуланып сөйлеу сипатын танытатын сөздер мен сөз тіркестерін топтап белгілеңіздер.

Мысалы:1. Алғашқы кезде нәресте шақырғандай, алаканын қармай, мойнын бұлғай, көзін тұнжырата, ернін шошайта сөйлеп, жирен орыс басын шайқап болмаған соң, иығын қысып, көзін тікірейте, ернін кезерте, ызбарлана сөйледі[2.19].

2.Келте-келте жауаптасып, жұдырықтарын білесіп, кара мүрт өңі сұрланып шығып кетті [1.19]. Өзгелері үндемей шылымдарын тартып болып,тысқа шығып кеткенде, кара мүрт Акбілекке жылы қарап, бір күрсінді де, жирен орысқа әлгідей емес, жайраңдап, сөйлей бастады [1.19]. Молда ойындағысын біліп қоятындай Мұкаш тура қарай алмай, қызарып, қырындап кетті [1.24].Балташ сазарып кетті[1.58]. Бір келсе,бұ жұмыс, Құрбан қажылардан келеді: партия болған соң, аяй ма?-деп, мына жактан бір құла ауыз қоя берді[1.29]. Содан кейін ішкен аси бойына тарап, ажары кіре бастаты! 1091 Қарамүрт оларға ашуланып, тістене ежірейіп, алакандарын жайып, мойындарын қылқың еткізді [1.33].

Ішіне	Сыртына
ызбарлана сөйлеу	сөйлей бастау
сұрлану	құла ауыз қоя берді
қызару	ажары кіре бастады
сазару	
тістене ежірею	

II-топка тапсырма. Дауыс сипаты мен күлу түрін танытатын сөздерді көрсетіңіздер. 1.Күбір-күбір адам даусы естілген тәрізденеді [1.9]. 2.Алтыатарын алып, Акбілекке кезене бергенде, Акбілек шаңк етіп безілдеп кезеулі мылтыққа қарсы тұра жүгірді [1.34]. 3.Өзге орыстар жирен орысты мазақтағандай, карқ-карқ күлісті.[1.8]. 4.Сонда да есінен танбады:-Апатай-ай! - деген жан дауысы таудың тасына барып шақ еткендей болды [1.10]. 5.Бір мезгілде өкірген сиырдай қараңғы түнді күнірентіп, катындардың дауысы баж ете түсті [1.28]. 6.Акбілектің жан даусы түнді тіліп жібергендей шыр ете түсті [1.37]. Жұрт ду күлді [1.79]. Қунақы жігіт:-Бұ не қағаз?-деп қабағын түйіп, қарай қалды да, мес-мұғалімді арқаға қағып, сақылдап күліп жіберді [1.263].

Ішіне	Сыртына
шаңк ету	адам даусы
карқ-карқ күлу	жан даусы
баж ете түсу	ду күлді
шыр ете калу	
сақылдап күлу	

III-топка тапсырма. Қарау сипаты мен ренжу түрін білдіретін сөздерді іріктеу. Мысалы:1.Олар күліп жаңылдап отырғанда, төрде жатқан ұзын бойлы аккұба, кара мүрт орыс оянып, қырынан жатып, Акбілекке көз салды [1.18]. 2. Әлде өзіне бастас қылғысы келді ме, немесе одан бір жылы сөз күтті ме,болмаса әйелге біткен женсіқойлық мұны да жеңді ме, әйтеуір қапаста қапаланып, жалынарға жан таба алмай отырған Акбілектің көзі еріксіз кара мүртқа түсті [1.19]. 3.Акбілек көнетоз жасыл шапанын көзіне түсіре бүркеніп, белі бәкіше бүктетіліп, бас-аяғы кірпіше жиырылып, құнысып, жасы мөлдіреген кара көзін жыпылықтатып, кара мүртқа анда-санда көз құйрығын бір жіберіп, тандана,

үрейлене тындады [1.21]. Ала ат мінген терең шаттың дәл аузына таянғанда, алак-жұлақ каранды да тоқтады [1.7]. Көз айырмай карап келеді Ақбілек [1.41]. Дүние-ай, мен де кара құлақ болар ма едім!-деп зығырланам [1.8]. Қойнының торы шолағына мініп келе жатқанын біліп өте кынжылды [1.93]. Суытып, отқа жіберейін деп тұрғанда кинап тастайды-ау! деп, ішінен назаланып, ентелей басып, ат жакқа жөнелді [1.22]. “ Менің осы ойымды білмей ме екен? Маған жаны ашымай ма екен? Балаларды қойғызса болмай ма... Шыршау шағара бермей” деп ақсақал бір ауық Ақбілекке де ренжіп коюшы еді [1.37].

Ішіне

көз салды

көзі түсті

көз қиығын жіберді

ренжу

зығырлану

кынжылу

назалану

Сыртына

алак-жұлақ карау

көз айырмай карану

Мағынаны ажырату сатысы аяқталған соң, ой-толғаныс (рефлексия) әрекеті жүзеге асуы керек. Ол үшін әр топқа М.Ж.Көпеев, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов шығармаларының тіл байлығын танытудағы орны деген шығарма жаздыруға болады.

Мектепте көркем шығарманың тілін талдап оқыту жалпы казак әдебиетін оқыту ісімен байланысты жүргізіледі. Көркем шығарманы тұтас талдау жұмысы да орындалуы қажет. Ал жалпы алғанда көркем шығарманы талдау жолы өте көп. Зерттеуші, ғалым Т.Ақшолаков “Қазіргі әдістеме көркем шығармаға талдау жасаудың түрлі әдісін: образ бойынша, тақырыптық проблемалық, тұтас талдау әдістерін ұсынады. Демек, талдау әдістерін түрлендіру арқылы шығарманың мазмұнын да, эстетикалық табиғатын да терең ашуға болады. Образ бойынша талдауда кейіпкер характерін шығарманың бүкіл образдар жүйесіне сүйене отырып ашу қажет. Көркем шығарманың образдар жүйесін, кейіпкерлер характерін талдау туындының идеялық-тақырыптық мазмұнына, композициялық құрылымы мен сюжеттік желілеріне зер салуды қажет етеді. Шығармадағы кейіпкерлерді образдар жүйесінде, оларды бір-бірімен байланыс, қатығыс-тартыс, шиеленіс үстінде алып қарастырылса, кейіпкерлер бойындағы қасиет-сапалар әр жақты ашылады. Шығарма талдаудағы тиімді әдістің бірі – проблемалы талдау әдісі, яғни проблемалық сұрақ, проблемалық ситуация (жағдаят) жасау. Тұтас талдау әдісінде талдау шығарманың сюжеттік желісіне орай құрылады. шығармадағы оқиғалардың өрбуі бойынша жүргізіледі”,-деп талдау жолдарын танытады[3.21:25]. Ал “Методика преподавания литературы” оқулығында әдеби шығармаларды оқыту жолдары туралы: “Путь изучения- это особая последовательность разбора, своеобразный ход, “сюжет” рассмотрения литературного произведения. ●обычно выделяют три пути разбора: “вслед за автором (или как его условно называют, целостный), “по образам” и проблемно-тематический” деп көрсетілсе, әдеби шығармаларды талдау түрлерін “условно можно выделить в качестве основных разновидностей

анализа детальный разбор текста (его иногда называют текстуальным анализом, выборочно направленный и образный”[33.102;106].- деп жазылған.

Көркем шығарманы талдауда көзделетін негізгі мақсат - шығарманың идеялық-тақырыптық мазмұнын ашу, көркемдік өзгешеліктерін түсіне білу болып табылады. Мектепте көркем шығарманың тіл байлығын оқыту да бұл мақсаттан алшак кетпейді. Керісінше, оқушылардың көркем әдебиетті оқып үйренуі мен ана тілге деген көзқарасын, жалпы ой-өрісін, сөз өнеріне деген ынтасын қалыптастыруға қызмет етеді. Мектепте көркем шығарманың тіл байлығын оқытудың негізгі мақсаты оқушылардың тіл жұтаңдығын жою, қазақ тілінің бай қорымен сусындату, қаламгерлердің жазушылық шеберліктерінің сырын таныту, балалардың әдеби текспен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру, сол негізде көркем сөздің ерекшелігін таныту болмақ.

2. СИНОНИМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Абайдың сөз өрнегіне талдау жасаған Р.Сыздықова: “Тұлғалары бөлек, мағыналары жуық сөздер болып табылатын синонимдер - поэзия тілінің ең бір қажетті құралы. Синонимдік қатардағы сөздердің біреуін тандап алу ақынның айтпақ ойын (идеясын) дәл беру, ұсынбақ образды әсерлі етіп шығару сияқты шарттарды жүзеге асырады.

Синонимдер бір-біріне сайма-сай мағынадағы сөздер емес, әрқайсысында өзіне тән мағыналық реңкі бар, ұқсас мағыналы сөздер бөлек, олардың қолданысы көркем әдебиетте, әсіресе өлең тілінде ерекше орын алады. Өйткені поэзияда әрбір сөздің мағыналық та, стильдік те жүгі ауыр келеді”[40.80]. - деген баға береді. Синонимдерді таңдауда нағыз шеберлік танытқан ақынның бірі де бірегейі - Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Ақын шығармаларынан синонимдерді қолданудың түрлі тәсілін байқауға болады. Солардың бірі – синонимдердің қайталанулары. Ондай жағдайда синоним сөздер өзара қосарланып не бірыңғай катынаста айтылады. Синонимдерді қайталау – автор тілін әрлендірудің тұрақты тәсілі. Сөздердің мағынасы мен экспрессиясын күшейтіп, көркем дәлдік жасау тәсілі болады. Мәселен, ақын белгілі бір ұғымды әр қырынан толық сипаттап беру үшін екі немесе үш-төрт синоним сөзді қатар қолданған.

1.Сайрауға дәрменім жоқ,тұрмын қажып,
Ұзын түн ұйқы көрмей **жүдеп, азып.**
Әшкәрәт апат деп айтқан хәдис,
Мен жүрмін күйіле алмай, тілден жазып[21.24].

2.Өмір бойы ұшырамай бізге молдық,
Табысымыз көп болса ат пен тондық.
Өкемді өлтірген жаудай болды,
Кедейлік, кемтаршылық, қысқа қолдық[21.140].

3.**Дос, жолдас** қылам десен **қауым, көпті,**
Бойыңа үйір қылма өкпе, кекті.
Жамандыққа жақсылық мінез кылып,
Бола бер бәріне де **ыңғайлы, епті** [21.92]

4.**Шарасыз, амалсыздан** жүріп едік,
Қай түрлі айдауына көніп едік.
Басқаны мал мен жанның ақша болып
Қысымдық талай жаннан көріп едік [21.34].

5.Армансыз болар едім деп шуласып,
Бір ұрттам **мәлдір, тұнық** судан ішкен [21.16]

6.Жаратып он сегіз мың ғалам мүлкін,
Ешбірінің кем қылмай **ажар, көркін** [21.35]

7.-Ай, күн, жұлдыз, ағаш, шөп-шашбауыңмен.
Ажарланып, көркейтіп кір!-деп түрге [21.35].

8.Әбужаһил лағындай маскара боп,
Өтірік жалған сөйлеп, желдей есіп [21.56].

9.Кекіліктің жұмыртқасы суретінде
Еді олар көрмектікке **реңкі, түрі** [21.97].

10.Жас ұлан мен жынысы әйел-кедей тобы
Асып тұрсын **еркіндік, бостандықты** [21.118].

11.**Ерік**лықтияр өзінде жоқтығынан
Не жаудыр көз құса боп, қыршын кетті [21.118]

12.Көл құрып, аққан дария су тартылған.
Ұртты ауыртқан **күр бос** сөз көп айтылған [21.119].

13.Ер едім талай бұзған қамалынды,
Құрытқан **құлық, айла, амалынды** [21.124.]

Жоғарыда келтірілген өлең жолдарынан М.Ж.Көпеевтің синонимдерді өлеңнің бір жолында қатар келтіріп, градация арқылы оның экспрессиясын арттыру тәсілін ұтымды да жиі пайдаланғаны көрінеді. Мысалы: “ұзын түн ұйқы көрмей **жүдеп, азып**” дегенде лирикалық қаһарман басындағы ауыртпалықтың салмағы өсіп, жан-дүниесіндегі күйзеліс, киналыстың ұлғая түскені айқын көзге ұрады. “Окемді өлтірген жаудай болды, **кедейлік, кемтаршылық, қысқа қолдық**” дегенде үш синоним сөз бірін-бірі үстемелен, айтылмақ идеяны күшейтіп тұр. Үшінші үзіндіде акын **дос, жолдас, қауым, көп, ынғайлы, епті** деген төрт синонимді қолданған. Осы арқылы өлеңнің тәлімдік мәніне көңіл қойғызып, өзі айтқан ақыл-насихатқа бой ұсынуды бекіте түседі. Келесі өлең жолында “**шарасыз, амалсыздан**” синонимдері қатар келу барысында патша отаршылдарына бодан болған казак халқының дәрменсіз кейпін аша түсуге қызмет етіп тұр. “**Мөлдір, тұнык**” синонимдері әуе айналып, жерге түскендей ыстықта ұзақ жол жүріп қалжыраған жұрттың шөлден көрген азабымен қоса, патша тілін алып бір-бір ұрттап, соған тойған жандардың қанағатшылдығына баса көңіл бөлгізеді. Алланың адамға деген мейірімін, рақметін дәлелдей түсу үшін акын “**ажарланып, көркейіп**”, “**ажар, көрік**” сөздерін қатар қолданып, айтылар ойды әсерлей түскен. Акын Әбужаһил лағынның ұнамсыз қылығын маскара етіп сынаумен бірге, адам баласының мұндай қылықтан сақтану қажеттігін ескерту мақсатында “**өтірік жалған**” синонимдерін тіркестіріп қолданады. Көксеген арман-мұратына қол жеткізген халықтың зор қуанышын бейнелеуде “**еркіндік, бостандық**” сөздерін жарыстыра жұмсайды. Ансаған арманына жете алмай құрбан болған жастардың

мұн-зарын “ерік,ықтияр” синонимдерін қатар қолдану арқылы жеткізуге ұмтылады. Келесі бір үзіндіде сөз тыңдап, сөз ұғарлық еркін ойлы азаматтардың аздығымен бірге, асыл сөздің қадірсіз болғандығын “**күр бос сөз**” тіркесі арқылы ашуға күш салады. Соңғы мысалда “**қулық, айла, амалдан**” бойын аулақ салып, зеректік танытса да, оның пайдасын көрмей қамыққан лирикалық қаһарманның көңілі сезіледі.

Енді бірде синонимдер алдыңғы сөйлемде немесе қатар тұрған тексте бір рет пайдаланған сөзді қайталамас үшін қолданылады.

1. Барамын бұл жалғаннан мен **уайым** жеп.
Гүл үшін, тікен болды, жатқан жерім,
Барады бір ашымай ішкі кірім.
Зарығып бұ қайғыдан қаңлар жұтып.
Тарқалмай бұл жалғаннан кеткен **шерім** [21.26].

2. Қазағым, “өнер” - ұрлық – **зорлық**,
Қыласын бір-біріне неге **озбырлық**.
Болғаннан алты ауызды ынтымақсың,
Басыңа келген жоқ па талай қорлық [21.60].

3. Тауып ал, тұман түспей **тұстасыңды**,
Жолдас бол. сынап алып **костасыңды**.
Баласы дін-мұсылман ұрандасып,
Қосыл кісі санына. қос басыңды [21.60].

4. Көрінген көзге жылы **бет** емес пе,
Құдайға суық **жүзді** шет емес пе [21.24].

“Синонимдерді тандайтын тұстар әр түрлі: ұйқас жасауда да акын синонимдердің көмегіне жүгінеді, бір сөзді шағын микро-тексте, яғни бір сөйлемнің ішінде немесе қатар келген өлең жолдарында қайталамау сияқты қарапайым шеберлік үшін де синонимдер қатары пайдаланылады”[40.80].-дейді тілші-ғалым Р.Сыздыкова. Жоғарыда келтірілген мысалдардан акын Мәшһүр Жүсіп Көпеев те бұл тәсілді айналып өтпегенін көруге болады. Аллаға құлшылық етіп, ғашық болған жанның зар-мұңын танытуда бірде “**уайым**”, бірде “**шер**” сөздерін қолданған. “**Зорлық, озбырлық**” синонимдерін пайдалану арқылы келеңсіз қылықтардың ел ішіне кең тарап, халыққа зиянын тигізгенін ашып көрсетеді. “**Тұстас, костас**” синонимдерін қолдана отырып, акын бірлікке, ынтымақшыл болуға шақырады. “**Бет, жүз**” сөздері өзара синонимдес болуымен бірге, жылы және суық сөздерімен тіркесіп келіп, қарама-қарсылық мән тудырып айтылар ойдың салмағын асыруға септігін тигізген.

Сондай-ақ акын шығармаларынан тілдегі синонимдерді жекелеп те, кезектестіріп те, жұптап та, топтап та қолданғанымыз сияқты, бұларды қосарлап та пайдаланғанын байқаймыз.

1.Жиылса сөлемдеспей қырын карап,
Ас ішпей сарылумен атша жарап.

Ұзақ күн біткен сөз жоқ **керіс-тартыс**,
Кетеді “күнде ертеңмен” кешке тарап [21.36].

2.Хакімде Хүкіметші ғаділдік жоқ,
Параны көп жейтұғын сол өнерде.
Сабатып ат-айғырды қан сорпа ғып,
Чиновник **қырып-жойып** жүрген елде [21.40].

3.Хажы мен хожа-молда көбейген соң,
Күшейді **өштік-кастық** ел арасы.
“Құдай” деп бір жапының қамын ойлап,
Тұратын жан көрмедім қысы-жазы [21.42].

4.Жолына кеттің түсіп ғылым-білім,
Болад деп қандай күйде **жұртым-елім**,
Дәрмен жоқ күресуге іш қайнайды,
Айта алмай переводтап қызыл тілім[21.53].

5.Жастықта біз білмедік нәпсі тыя,
Кез келіп бір биік шың қызыл қия.
Сол қыздың **ажар-көрік** түгендеуге,
Шак келмес қалам, қағаз, қара сия [22.67]

6.Бұл күнде **ерік-ықтияр** бізден кеткен.
Қатын көп байды, укалап мыж-тыж еткен [22.72].

Акын синонимдік қатарларды қосарлап қолдану арқылы белгілі бір құбылыстың өсу, ұлғаю, тарау мөлшерін байқатып, өлеңнің стильдік жүгін молайта түскен. Халықтың алауыздығын, ынтымақсыздығын өзара синоним болып табылатын “**керіс, тартыс**” сөздерін қосарлап қолдану арқылы дәлелдей түседі. Чиновниктердің елді талан-таражға салған басбұзарлық әрекеттерін әшкерелеу үшін “**қырып, жойып**” сөздерін де қосарлап жұмсайды. Хажы, хожа-молдалардың ұнамсыз мінез-құлқын танытуда ел арасында күшейген зобаланды қосарланған **өштік-кастық** сөздері арқылы бейнелейді. “**Елім-жұртым**” синонимдерінің қосарланып келуі лирикалық қаһарманның халқына деген сүйіспеншілігін, жанашырлығын баса көрсетуге негіз болып тұр. Келесі бір үзіндідегі “**ажар-көрік**” синонимдері қыздың сұлулығын, әсемдігін бейнелеуге қызмет еткен. Көркем проза тілін зерттеген Б.Шалабаев: “Синонимия – ұлттық тілдің айқындылығын дәлдігін, ішкерілігін, бейнелегіштік күшін көрсететін тілдік құбылыс. Тілдегі синонимдерді пайдаланып, керегіне жаратпайтын жазушы жоқ. Ал белгілі бір жазушының тіліндегі синонимдерге талдау жасау оның сөздерді талғап пайдалану

принциптері мен өзіндік стиліне тән сөз қолдану ерекшеліктерінен біраз мағлұматтар береді.

Синонимдер көркем шығарма тілінде орынсыз қайталаулар мен мезі шұбаланқылықтардан аулақ болу үшін ғана емес, ол, біріншіден және ең бастысы стильдік қызмет атқарады, мағыналық жүк көтереді. Шығарма тіліндегі экспрессивтік пен баяндау дәлдігі синонимдер арқылы жүзеге асады. Өмірлік көріністерді толыққанды етіп суреттеу кейіпкерлерінің ой-сезімдерін жеріне жеткізе дәл беру синонимдердің нәзік мағыналық айырмашылықтарын тап басып, сөз теңізінен керектісін ғана тандап ала білетін жазушының қолынан келеді”[47.82],-деп ой түйінгі.

Синонимдерді жеке сөз бен жеке сөз, қос сөз бен қос сөз, фраза мен фраза күйінде ғана емес, араластырып та жұмсай беруге болады. Бұл тәсілді ақын шығармасынан көптеп кездестіруге болады.

1.Кімде-кім қорыққанға **алдауменен**,
Түлкіше қылып **хайла** бұлаңдаған.
Болыснай оязбенен жемтіктес боп,
Ұрыға тыю-тоқтау қыла алмаған [21.25].

2.Үшеуі шығып кетті елден безіп,
Қашумен жау жеттілеп тау-тас кезіп.
Қарны ашып, қалжырайтын мезгіл болды.
Түңіліп, тірліктен **күдер үзіп** [21.23].

3.Өшпейді өсіп зорайған өтірік, ұрлық,
Қалған жоқ **әлімжеттік**, **әлі озбырлық** [21.32].

4.**Қанғытып**, өмір бойы **тентіреткен**,
Бас қосып, зеректік пен ғылым-білім [21.15].

Ақын ел ішінде көбейген алдау, арбау, ұрлық, қорлықты тыя алмаған билеушілердің шын бет-бейнесін аша түсу үшін синонимдік қатарларды рет-ретімен және топтап та қолданады. “**Түңіліп, күдер үзіп**” синонимдерін бірінен соң бірін қолдану барысында соқыр, саңырау, жалаңаш жау қуды деп өз-өздерінен дүрлігіп, ес-түссіз қаша жөнеліп, елден шығып кетіп, оның соғы жарық дүниеден безерліктей халге әкелгенін сынайды. Елді алдап, бұзықтықа жол берген ел билеушілердің құралы “**әлімжеттік, озбырлық**” екендігіне қынжылыс білдіреді. Лирикалық қаһарман өмір бойы ғылым-білім іздеп, оқу соңында елден жырақта жүргенін “**қанғыртып, тентіреткен**” синонимдері арқылы дәлелдей түседі. Мәшһүр Жүсіп Көпеев өлеңнің айтар ойына оқырман назарын аудару мақсатында синонимдерді қайталау тәсілін, ақыл-насихат сөздердің мәнін ашып жеткізуде бір рет қолданған синонимнің орнына екінші бір түрін жұмсауды қолданады. Ел арасындағы келеңсіздікті, ел билеушілердің жағымсыз келбетін бейнелеуде синонимдерді қосарлап пайдаланса, өлеңде айтылған белгілі бір ойды дәлелдей түсу үшін араластырып та жұмсайды.

Ақын тіліндегі синонимдер тіл байлығын танытумен бірге, белгілі бір мақсатта тиімді жұмсалыуымен де көркем де мағыналы. Құбылыстың бір қырын толықтырып сипаттауда синонимдерді қайталап қолданады: Әкемді өлтірген жаудай болды, // **Кедейлік, кемтаршылық, қысқа қолдық.**

Өленде айтылмақ ойды күшейтіп, әсерлей түсуде: Сабатып ат-айғырды қан сорпа ғып, // Чиновник қырып-жойып жүрген елде.

Ойды бекітіп, түйіндеп көрсетуде: Тауып ал, тұман түспей тұстасынды; // Жолдас бол, сынап алып қостасынды.

Бір құбылыстың бірер қырын жан-жақты ашып бейнелеуде: Қарны ашып, қалжырайтын мезгіл болды, // Түңіліп, тірліктен күдер үзіп.

С.Торайғыров шығармаларында да синонимдердің бір тобын қарастыруға болады. Мысалы, ақын синонимдерді бір-бірін айқындай түсу үшін қолданады. “Бұл жолғы хатын екі нәрсеге түсінбеген **құлақсыз саңырау, тілсіз мылқау** кісі сияктанып жанына тидіре, жаралы көңілін күйдіре жазды”[44.30]. “**Құлақсыз саңырау**”, “**тілсіз мылқау**” деген сөздер бір-бірімен синонимдік қатар түзе отырып, ойды, құбылысты өсіріп, әсірелей түсу қызметін атқарып тұр. Сондай-ақ синонимдерді қайталаумен бірге, олардың дыбыстық, ырғақтық жақтарына да көңіл бөлген. “Шіреніп, **маңғазсынып, маңызданып**, // Лепіріп ақыра сөйлеп, шатпас па едін”[44.32]. “Бойына әлденемеңе бір қорқу пайда болған секілді, тұла бойы тітіренгенсымақ **қызуланып, қызынып**, қуанышты, қорқынышты, аттай тулап, аузына қарай тығылыққыраған жүрегі сөйлесе дірілдеп кетейін деп суынып ісініп, **қымтырылып-қымсынып**, қайта-қайта ұмсынып, ешбір нәрсе айта алмай шыға беруші еді”[44.25]. Осы мәтінде “қызуланып, қызынып, қымтырылып, қымсынып” деген төрт синоним сөз бар. Бұл синонимдер кейіпкерлердің ішкі жан дүниесіндегі сезім арпалысын, шарасыздықты, іштен тынған арманға толы көңілдерін бейнелеуге септігін тигізіп тұр. С.Торайғыров Қамардың ішкі толғанысын, дәрменсіз халін бейнелеуде “**құлақсыз саңырау, тілсіз мылқау**” синонимдерін, байлыққа мастанған жандардың кейпін беруде “**маңғазсынып, маңызданып**” синонимдерін, Ахметтің ішкі жан дүниесіндегі толғанысты сипаттауда “**қызуланып, қызынып, қымтырылып, қымсынып**” синонимдерін пайдаланған.

Ақынның синонимдерді жинақтық ұғым, бейнелілік мағынасын беруде де қатар қолданғанын көруге болады. Мысалы: “Омар турашыл, сәулелі кісі болғандықтан, бірінші: Қамар сияқты баласының абыройын сақтап, екінші, **жазықсыз, нақақ** біреуді бас сапын талата кою оңай ма?”[44.37]. “...**ақырын баяу** ғана аударысқан көздері бір-біріне түсіп кете қалса өздерінің ықтиярсыз барып шап етіп қосылған көлеңкелерін көрген секілді беттерінен оттары шығып, бір нәрсені шұқылаған болып, күбіжіктеп кетуші еді”[44.56].

“Сен кімсің **семіз, толық** тән жағынан?
Өгіздей бар шығарсың әл жағынан ”[44.203].

“Ел болып, еркін жасап кетпек үшін,
Ынтымақ, бірлік деген тірек бар ма? ”[44.225].

I “Бір жерде бір бас косқан **жиын, топыр**,
Ішінде бір бишара көзі соқыр”[43.49].

Дүниеде жоқ сүйгенін
Қасірет, кайғы үйгенін [43.145].

Алғашқы мысалдағы “**жазықсыз, нақак**” синонимдері арқылы акын Ахметті кінәлап, жазалуға карсылығын, әрі Омардың әділдігін танытады. Келесі мысалдағы “**ақырын баяу**” синонимдері екі жастың бір-біріне деген ынтызарлығын аңғартумен қатар карама-карсы ойды күшейтіп тұр, яғни алып-ұшқан көңіл мен арпалысқан сезім толқындарына “**ақырын баяу**” сөздері қайшы келіп айтылар ойды әсерлеп көрсетуге қызмет етіп тұр. Үшінші үзіндіде “**семіз, толық**” сөздері өзара синонимдік қатар құрып, адамның пішінін ғана мыскылдал қоймай, оның ақыл-ойын да мезгеп кемсіту байқалады. Бұдан кейінгі мысалға назар салсақ, “**ынтымақ, бірлік**” синонимдері елдің еркіндігі, азаттығы үшін қажет ең басты талап ретінде қарастырылумен бірге, елі ішіндегі ең зәру қасиет ретінде де көрініс тапқан. Бесінші мысалдағы “**жиын, топыр**” синонимдері алдар деп көзі бардың соңына ермей, жарға құлап өлген адамның көзінің емес, көңілінің соқырлығын аша түсу үшін жұмсалған. Соңғы мысалда лирикалық қаһарман өз жүрегімен сырласу үстінде басына түскен қиындық көлемін “**қасірет, кайғы**” синонимдерін қатарластыра қолдану арқылы ойды күшейте түскен.

Жазушы тілінде бұдан басқа қосарланған синонимдер тобы да ұшырасады.

Уай, дүние-ай, қайда біздің өткен күндер,
Қызықты **сауық-сайран** өткен күндер [43.63].

Мас болған **дау-жанжалмен** әлгі аңдарға,
Ұсынған әр тараптан окты көрдім [43.66]

Және де бір тайна аңды көрдім,
У да шу, айғай-ұйғай данды көрдім [43.66].

Семей тұрсын жеті облыс бар казактан,
Талассыз **жеке-дара** тұр ғой өзі [44.138]

Мұндағы синонимдердің қосарлануы сөйлемге ырғақтылық, тұтастық, интонациялық екпін, сазды әуен үстемелейді. “Достыма хат” өлеңінен алынған үзіндіде “**сауық-сайран**” синонимінің қосарлануы арқылы лирикалық қаһарманның өткен күндерге сағынышымен қоса бала күндердің рахат лебін сезініп, тамсануы да бар. Келесі үзіндіде халық басына түскен қиын жағдайды түспалдап, астарлап бейнелей отырып, “**у-шу**”, “**айғай-ұйғай**”, “**дау-жанжал**” синонимдерін қосарлап қолданып, өлеңде айтылмақ ойды әсерлей түскен. “**Жеке-дара**” синонимін қолдану арқылы акын лирикалық қаһарманның ғалым, қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхановқа деген көзқарасын, сүйіспеншілігін көрсетіп, ардақтау сезімін танытады.

Акын шығармаларында синонимдік қолданыстар төмендегідей мақсаттарда жұмсалған:

Кейіпкер басындағы эмоционалдык-психологиялық күйді білдіреді: Бұл жолғы хатын екі нәрсеге түсінбеген **құлақсыз санырау, тілсіз мылқау** кісі сияктанып жанына тидіре, жаралы көңілін күйдіре жазды.

Портрет, оның детальдарын беру үшін: Сен кімсің **семіз, толық** тән жағынан.// Өгіздей бар шығарсың әл жағынан.

Кейіпкеріне мінездеме беру мақсатында: Омар турашыл, сәулелі кісі болғандықтан, бірінші: Қамар сияқты баласының абыройын сақтап, екінші, **жазықсыз, нақак** біреуді бас салып талата қою оңай ма?

Ойды әсерлеп, бейнелеп беру үшін қолданылған: Бір жерде бір бас қосқан **жиын, топыр**.// Ішінде бір бишара көзі соқыр.

Фразеологизмдер көркем сөз өнерінің ең құнарлы саласына тән ойлау нәтижесімен халық даналығының туындысы болып саналады. Тіліміздің бұл байлығы ғасырлар бойы қорланып, қалыптасқан, толассыз дамып, толығып отыратын, ерқашанда қолданысқа дайын тұратын көркем сөз құралы болып саналады. Яғни, көркем сөз шеберлерінің өз шығармаларында түрлендіріп, сан құбылтып, пайдалануына болатын әсем де әсерлі, көркем де бейнелі сөз өрнегі болып есептеледі. Тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелердің бір-бірімен мағына ұқсастығын әдетте фразеологиялық синоним деп атайды. “Фразеологиялық синонимдер көркем образ жасауда жиі қолданылады. Сондықтан бұлар тілдегі кез келген стильде талғаусыз қолданыла бермейді. Бұлардың өздеріне лайықты орын тепкен мекені - көркем әдебиет. Көркем шығармада белгілі оқиға жай баяндалмайды. Жазушы болған оқиғаны өзінің ой елегінен өткізіп, оны түрлі-түсті бояумен әшекеелейді. Сондай бейнелі сөз қазынасы — тілдегі фразеологизмдер екендігі сөзсіз”[9.204]. Жазушы Ж.Аймауытов шығармаларында фразеологиялық синонимдер жиі кездеседі. Мысалы: Өшімді қалай алам деп **ауымды басып жүр едім** [1.15]. Біреулері: - Тегі ақсақалға **азуын басқан** біреу басып берді ғой. Әйтпесе, қиядағы ауылға келетін реті жоқ қой...- десті [1.29]. Орыс түгілі, өз күйеуінің баласын оң жақта тапқан қызды кім естіген? Одан маскара нәрсе бар ма?-деп **азуын шайнады**[1.140]. Бұл мысалдарда “**ауымды басып жүр едім**”, “**азуын басқан**”, “**азуын шайнады**” тіркестері өзара фразеологиялық синоним болып табылады. Алдыңғы сөйлемде Мұқаштың Төлегеннен өшін алудың жолын іздеп жүргені, кейінгіде ел адамдарының Ақбілектің жоғалуы жайлы оқиғаға қатысты топшылаулары, жорамалдары, соңғы сөйлемде үйіне оралған баласының жағдайын көріп ақсақалдың күйінуі, ызалануы байқалады. Аталған фразеологиялық синонимдер өштену, кектену, ызалану тәрізді мағыналарды беруімен бірге, кейіпкердің мінез-құлқын танытуға септігін тигізіп тұр. Мәселен, ақсақалдың өз баласынан жерінуі, жек көру сезімі мен Мұқаштың өшпенділігі, кекшілдігі көрінеді. “Балалы қатындарды көргенде,**іші жарылып кете жаздайды**”[1.110]. “Кекселеу қатын бәйбішенің құс төсегін көпіртіп, алақанмен шартылдатып, байдың орнына салды. Оны көргенде, Ақбілектің **іші қазандай қайнады**” [1.134]. Бұл сөйлемдердегі “**іші жарылып кете жаздайды**”, “**іші қазандай қайнады**” деген фразеологиялық синонимдер

қызғану мағынасымен үндес келеді. Бірінде балаға зар Ұрқияның арман-гілегі, екіншісінде анасының орнына келген бөтен әйелге әкесін кимаған Ақбілектің қым-қиғаш сезімі аңғарылады. Екі кейіпкердің де жан дүниесіндегі өзгерістер, толқыныстар арпалысы бейнеленген. Дауыс жер астынан шыққандай, селк етіп, **зәресі зәндемге кетті**, жығылып барып қайта оңалды [1.18]. Ақбілектің **көзі шарасынан шықты** [1.18]. **Зәрем зәр түбіне кетті** [1.147]. Бәрі дүрлігіп, ыдыс-аяқты қиратып, үстелді, тақтайды тарсылдатып, үйді басына көтеріп барады [1.147]. Бұл үзінділерде қорқу, шошыну мағынасын беретін **“зәресі зәндемге кетті”, “көзі шарасынан шықты”, “зәрем зәр түбіне кетті”** деген фразеологиялық синонимдерді кездестіруге болады. Күтпеген дауыстан шошынған Ақбілектің, сұрықсыз көріністен үрейленген Кәмиләнің бейнесі танылады. Маңдайы қаскиып, мойны қаздыып, көзі мөлдіреп, ерні үлбіреп, **үрін ауызға салғандай** жұтынып тұр еді-ау [1.60]. Жапандағы жалғыз әйел атыма да тансық көрінді білем таянып келгенде, оскырып тұра қалды. Түсе қала, атымды жетелей, қасына келдім. Үлде мен бүлдеге оранған, **ай мен күндей** бір сұлу қыз [1.227]. Со үйдің келіні. **“Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар”** бір перизат екен, не керек [1.227]. Мұнда жазушы қыздардың асқан сұлулығын бейнелеуде **“үріп ауызға салғандай”, “ай мен күндей”, “ай десе аузы бар, күн десе көзі бар”** деген фразеологиялық синонимдерді қолданған. Біріншісінде кейіпкердің қыз сұлулығына сүйсініп, тамсануы, кейінгісінде салыстыру, соңғысында қыздың көріктілігін дәлелдеу басым түсіп жатқанын байқау қиын емес. Көпке дейін Ақбілектің **көзі ілінбеді** [1.134]. Түні бойы тұла бойы күйіп-жанып, бір жағынан жөтел қысып **көрер танды көзімен атқызды** [1.198]. Ақбілектің көзі ілінбеуінен әкесінің бөтен әйелмен бас қосқанына алаңдаған көңілін байқасак. Жұманның көрер танды көзімен атқызуынан денесіне суық өтіп, дерт мендеп, аурудан аласұрып жатқанын көреміз. Осы көріністерді бейнелеуде **“көзі ілінбеді”, “көрер танды көзімен атқызды”** фразеологиялық синонимдері өз септігін тигізіп тұр. Жонын шойын тағалағандай, апасы сіресіп қалса да елемей, шынғырған дауысқа қарай **үкідей ұшып келеді** [1.10]. Тірелмейді де, соқтықпайды да, арасынан жыпылдап, жыланша бұраңдап өте шығады. Жүрісі қандай! **Күйындай ұшады** [1.152]. Мұнда **“үкідей ұшу”, “күйындай ұшу”** тіркестері шапшаңдықты, жылдамдықты бейнелейтін фразеологиялық синонимдер. Алғашқы сөйлемде Ақбілекті орыстардың қолынан аман алып қалуға ұмтылған ана қимылы, кейінгісінде поездың жүру жылдамдығы сипатталған. Не онда жоқ, не мұнда жоқ, бұл қыз бір масыл болды ғой, өтпей қалып, абиырымды алмаса игі еді...-деп жүргенде, мына хабарды естіген соң, қызынан біржола **көңілі суыды** [1.140]. Күйеуімнен қорықтым, **көңілім қалды** [1.147]. Мұнда қызының жағдайынан қысылып, мазасы кеткен, өз баласынан жерінген ақсақалдың, соңғысында күйеуінің басбұзарлық қылығынан жиіркеніп, назаланған Кәмиләнің сезімі бейнеленген. Өмірдің бір жолдасы – Ағайынның ағайындығы осындайда көрінеді де,-деп,-**“Бозінгенге” көзінің күйрығын жіберді** [1.53]. Ақбілек жаңа шешесіне **көз қырын салды** [1.132]. Жазушы кейіпкерлердің қарау сипатын **“көзінің күйрығын жіберді”, “көз қырын салды”** деген фразеологиялық синонимдерді қолданып бейнелейді. Екі

үзіндіде де кейіпкерлердің тура карамай, жартылай көз тастағанын аңғарамыз. Шаруаның жайы мынадай: реніш анадай болған соң оқимын деп бекінген Қарткожаның үні өшті, тілі күрмелді, ойын тұман басты, іші-бауыры, өзегі өртенгендей болып, иығы түсіп, еңсесі салбырап кетті [1.195]. Осындай ауыр ойлар жанын жеп, жігері күм боп, ішкені ас болмай. бітеу жара асқынып, жүргенде, бір күні қораның ішінде қасына қатыны келіп: -- кызың толғатып жатыр.-деді[1.140]. Мұқаштың салы суға кетті, не айтарын білмеді[1.99]. Келтірілген үзінділердің алғашқысында шаруасы күйзеліп, күн көрістің ауырлағанынан ойлаған мақсатына жете алмайтындығын сезген Қарткожаның ішкі күйзелісі, кейінгіде жағымсыз ойлардың жетегінде жүріп, дағдарып, амалы құрыған ақсақалдың уайымы, соңғыда болыстыққа қолы жетпей, үміті орындалмаған Мұқаштың шарасыз жағдайы бейнеленген. Жазушы кейіпкерлердің күйзелісі мен уайымын “иығы түсіп, еңсесі салбырау”, “жігері күм болу”, “салы суға кету” тәрізді фразеологиялық синонимдерді қолдану арқылы ойды дәл, бейнелі жеткізуге ұмтылған. Автор тіліндегі фразеологиялық синонимдер шығармада белгілі бір стильдік қызметті де аткарып тұр. Белгілі бір құбылыс пен ұғымды фразеологиялық синонимдерді қолдану арқылы жинақтай отырып, даралай түсуге дейін барады. “Қазақ халқының өзіндік ұлттық ойлау ерекшелігі – дүние шындығын көркем образбен қабылдауы, шешендік сөз өнерін ұлт менталдығы ретінде көрсетуі, қала берді табиғат аясындағы көшпелі өмір салты — “ішімдегінің бәрі — тілімде, тілімдегінің бәрі — түрімде” дегеніндей, қазақ ұлтының психологиялық терең болмысын байқатады”[39.3].-деп Г.Смағұлова айтқанындай жазушы Ж.Аймауытовтың фразеологиялық синонимдерді айтайын деген ұғымның мағынасына қарай тандап, талғап қолдану барысында кейіпкердің ұлттық болмыс-бітімін, ойлау қабілетін көркемдеп сипаттауда ерекше тәсіл ретінде ұстанғанына көз жеткіземіз. Төртегілер көріп қойды ма дегендей Қарткожа қалбалақтап, қызарақтап, көп ұзамай жаман тымақтардың қасына отыра кетті[1.237]. Өңкей көк өрім, көген көз, жанмен жан асырап жүрген сорлылар[1.248]. Көн шалбары көгіне қатқан жалғыз-жарым кедейдің көк шолақтары төмен отыр[1.236]. Бұдан байқағанымыздай автор тілінде кедей сөзімен “жаман тымақтылар”, “жанмен жан асырап жүрген сорлылар”, “кедейдің көк шолақтары” деген бірліктер синонимдік қатар құраған. Сол арқылы кейіпкердің тұрмыс деңгейін көрсетеді. Жазушы айтпақ идеясын айқын, әсерлі етіп жеткізу үшін және поэтикалық образды дәл беру үшін синонимдік қатарларды талғап, тандап өте шебер пайдаланған. Мал-мүлкімді талады, кісімді өлтірді, қызымды алып кетті деп, бізді бұзық адам көріп, қазақтар жазғырады-ау[1.12]. Қазақ зәбірін тиеді деп бізді айыптайды[1.13]. Бұл екі мысалдағы “жазғыру”, “айыптау” сөздері синонимдік қатарды құрағанымен екеуіндегі стильдік мәнде өзгешелік барлығы байқалады. Алдыңғысында орыс офицері қазақтардың өздеріне кінә тағуы орынсыз екендігіне сендіргісі келсе, соңғысында керсінше мойын ұсыну басым. Партияда бес түндікті артынан ерте алмайтын, ағайынға сүйкімсіз, мал жанды. карау адам еді[1.125]. Байдың бәрі қашып кеткен. Үйлері қазынаға түсті. Жалғыз-ақ Жәнібек деген сараң бай қашпай қалды[1.176]. “Бозінген” үйіне

келген кезде Мұсабай бірталай ой ойлап, уысына еш нәрсе түсіре алмай дал боп, кисайып жатыр еді. Кеп былай: Мұсабай жаңадан байыған, мал жанды, **қалтырауық** адам болатын[1.52]. Мұнда “**қарау**”, “**саран**”, “**қалтырауық**” сөздері синонимдік қатар құра отырып, адам бойындағы бір мінді әркезгі сипаттап береді. Алғашқысында “қарау” сөзі Мүсірәлінің мінез-құлқын, әрі сарандықтың күшейген түрін көрсетсе, кейінгісінде жай ғана хабарлау болса, үшіншісінде кейіпкердің сарандығын шенеу, мысқылдау сезіледі. “Синонимдердің ең кемінде екеуін, кейде үш-төртеуін бір сөйлемде қатарынан келтірудің де стильдік мәні бар. Жазушы бір нәрсеге, әсіресе сын, қимыл тұстарына екпін түсіргісі келсе, бір мағыналас немесе мағыналары осы контексте жақындасатын сөздерді қатарластыра жұмсайды”[41.28]. Ж.Аймауытовтың шығармасынан да бір сөйлем бойында синоним сөздердің қатар қосарлана жұмсалғанын көруге болады. Ат, құс, аң, **сейіл-серуен**, қызық-думан,-бәрі де жалғыз соның басында тұрғандай, бәрі де соның айналасында жүргендей көрінеді де тұрады[1.61]. –Аксақалға ондай **өшті-қасты** кім бар екен?[2.9]. Сөйтіп кешеден бергі **сый-құрмет** босқа кеткен жоқ[2.183]. Алдыңғы сөйлемде Бекболаттың Ақбілекті есінен шығармай ойлай беруінің мәні ашылса, екіншісінде Мамырбай аксақалдың үйінде болған оқиғаға себепкерді іздестіру әрекетін көрсек, үшіншісінде коштаудың орнына мысқылдау, шенеу аралас жатқанын аңғарамыз.

Қаламгер тілінің байлығын танытатын фразеологиялық синонимдер мынадай мақсаттарда жұмсалған:

Кейіпкердің психологиялық келбетін (көңіл-күйін, ішкі жан дүниесін) көрсету үшін: Балалы қатындарды көргенде **іші жарылып кете жаздайды**. Көпке дейін Ақбілектің **көзі ілінбеді**.

Образдылықты күшейту мақсатында: **Үлде мен бүлдеге оранған, ай мен күндей** бір сұлу қыз. Со үйдің келіні “**Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар**” бір перизат екен, не керек.

Қимылдың қарқынын бейнелі көрсету үшін: Тірелмейді де, соқтықпайды да, арасынан жалпылдап, жыланша бұрандап өте шығады. Жүрісі қандай! **Құйындай ұшады**.

Ойды әсерлі жеткізу үшін қолданылған: Дауыс жер астынан шыққандай, селк етіп, **зәресі зәндемге кетті**, жығылып барып қайта оналды.

Ж.Аймауытов синонимдерді, фразеологиялық синонимдерді ғасырлар бойы қалыптасқан жалпыхалықтық тұлғада және автордың өзіндік қолтаңбасын, ізденісін, көркем әдеби тілді жетілдіруге қосқан үлесін танытатын авторлық өңдеумен қолданғанын көруге болады. Ғалым С.Сәтенова “Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты” атты еңбегінде: “...Шығарма идеясының айқындалуы, тілінің көркемдігі, үйлесімділігі мен әуезділігі, шеберлігі онда қолданылған бейнелі фразеологиялық тіркестерге байланысты. Олар әдеби туындыға образдылық, терең мән-мазмұн, тартымдылық, эмоционалды-экспрессивті нәр береді [38.196]. Жазушы осы ерекшелікті шебер пайдаланып, халық тіліндегі бейнелі тіркестерді қолдана отырып, шығармаларының өң-шырайын арттыра түскен.

катынаста болатынын, екінші жағынан, өздері бейнелейтін мазмұнға қатысты болатынын түсіну қиын емес”[47.6],-деп ғалым Б.Шалабаев ой түйгеніндей каламгерлер М.Ж.Көпеев, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов шығармаларында синнимдер тілдік бейнелеу құралы болуымен бірге, тіл байлығының мол қорын танытатын, әрі шығарманың негізгі идеясымен тығыз байланыста жұмсалудымен де айрықша көзге түсетін тілдік қолданыстар екендігімен де, мәтінде атқаратын қызметтерінің сан алуандығымен де бағаланады. Қай-қайсысын алсақ та айтпақ идеяларын айқын, әсерлі етіп жеткізу үшін және поэтикалық образды дәл беру үшін синонимдік қатарларды талғап, таңдап шебер пайдаланғандарын көреміз.

3. АДАМ ПОРТРЕТІ, ЖҮРІС-ТҰРЫСТАРЫ, МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Әдебиеттегі портрет жайында “Әдебиеттану терминдері сөздігінде” академик З.Ахметов былайша ой түйеді: “Портрет - әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу. Кейіпкердің мінез-бітімін, характерін неғұрлым толық ашып көрсету үшін оның портретін мүсіндеудің де үлкен мәні бар. Сондықтан кейіпкердің характерін әр түрлі жағдайда, күрес-тартыс үстінде оның басқа адамдармен қарым-қатынасы, өзінің әрекет-қимылдары, істеген істері арқылы айқындай отырып, жазушы портреттік сипаттауға да көңіл бөледі. Жазушы негізі қаһармандардың келбетін, бой-тұлғасын, жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін есте қаларлықтай етіп, әсерлі бейнелеуге мән береді. Сонымен бірге жазушылар, акындар әйелдің, сұлу қыздың бой-тұлғасын, бет-әлпетін, сөзбен мүсіндеуге әсіресе бейім тұрады.

Әдебиеттегі портреттің өзгешелігі, мысалы, суретші бояумен кескіндеген портреттен айырмасы, ол адамның бет-әлпетін, кейпін тұтас бейнелемей, көбінесе жекелеген ерекшеліктер, есте қаларлықтай сипат-белгілер, көркемдік детальдар арқылы көрсетеді. Суретші жасаған портретте адамның бет-пішіні, өң-шырайы, келбеті қалайда бүтіндей алынады, ал әдебиет шығармасында портрет бояумен емес, сөзбен мүсінделгендіктен, кейіпкердің бет-пішіні, кескін-кейпі суреттелген жеке сипат-белгілері негізінде ойша толықтырылып көзге елестетіледі. Сондықтан мұнда портретке қажетті бөлекше қасиет-белгілерді екшеп, дәл көрсетудің, ұтымды көркем детальдар қолданудың маңызы айрықша болады”[6.270;271]. Академик З.Қабдоловтың да айтуынша: “Оқырман өзі оқыған белгілі бір көркем шығармадағы геройлардың мінезін біліп, сөзін ести тұра сырт пішінін, кескін-кейпін де көргісі келеді. Бейнелеу өнеріндегі портреттің ерекшелігі - өзгермейтіні, қозғалмайтыны, қашан көрсек те тек осы қалыпта ғана тұратыны. Сөз өнеріндегі портрет бұлай емес, ол бір қалыпта қатып тұрып қалмайтын, өзгертін, қозғалатын жанды келбет, ірі кескін. Әдебиеттегі адамның сырт бітімін, кескін-кейпін, жүріс-тұрысын суреттеуді портрет дейтін болсақ, бұл да – образ жасаудың өзгеше бір тәсілі, жолы, амалы. Бұған да айрықша суреткерлік, шеберлік керек. Портрет адамның бүкіл анатомиясын түгел қамтып, жіпке тізе беруі шарт емес. Әр портретте әр адамның ең бір ерекше сипаты ғана нақты, затты, қысқа, қызық суреттелгені жөн. Портрет сонда ұтымды шықпак”[24.119;120].

Әдеби энциклопедиялық сөздікте: “Портрет в литературе изображение внешности героя (черт лица, фигуры, позы, мимики, жеста, одежды) как одно из средств его характеристики; разновидность описания”[29.289],-деп анықталған.

“М.Әуезовтің портрет жасау шеберлігі” деген мақаласында ғалым Қ.М.Жүсіпов портретке былайша анықтама береді: “Әдеби портрет – кейіпкер мүсіндеудің мәнді құралдарының бірі. Портрет – адамның ішкі жан дүниесінің, көзқарасының, өсу, өзгеру жолының сыртқы айнасы. Кейіпкердің мәнді сипаттарын, ерекшеліктерін жинақтап мензеуде портреттің орны ерекше. Көркем әдебиеттегі портрет адамның бет-жүзін, пішінін ғана емес, сонымен

катар кимыл-қозғалысын, рең өзгерісін, сөйлеу мәнерін, дауыс сипатын, киімін т.б. камтиды”[23.96].

Зерттеуші, ғалым Сәрсек Гүлнәр : “Авторлық мінездеме - көркем шығарманың тұрақты компоненттерінің бірі. Авторлық мінездеу құрамына кейіпкердің сыртқы кескін-келбетін, жүріс-тұрысын, яғни портретін және мінез-құлқын суреттеу жатады. Портрет те – кейіпкерді мінездеуші амал” [36.9].- деген ой түйіпті. Зерттеушінің жіктеуінше көлеміне қарай портреттің шағын және көлемді деген екі түрі бар. Шағын портрет косалқы және эпизодтық кейіпкерлерді суреттеуде қолданылса, көлемді портрет автор баяндауында орын алады. Ол шығарманың басты кейіпкерлерін, ішінара косалқы кейіпкерлерді кескіндеуде пайдаланылады. Шағын портреттің көлемі аз, кемінде бірді-екілі сөйлемдік конструкциялармен белгіленеді. Көлемді портрет бірнеше сөйлемдер тізбелерінен және абзац көлемінен тұрады. Шағын портреттің өзін портрет-деталь, портрет-ситуация деп екіге бөледі. Портреттік детальда кейіпкердің кескінінің, тұлғасының, кимыл-қозғалысының бір ғана бөлшегі суреттелсе, портрет-ситуацияда белгілі бір жағдай үстіндегі кейіпкердің сырт тұлғасының өзгерісін, кимылын суреттейді. Аталған шағын портрет пен оның түрлерін М.Ж.Көпеевтің “Гүлшат-Шеризат” дастанынан кездестіруге болады. Мысалы: Гүлшат сынды **қара көз, // Қалам қасты нұрлы жүз, // Ұзын бойлы, қыпша бел**”[21.216]. Мұнда қыздың көркін жалпы сипаттау бар. Ақынның Гүлшаттың кимыл-қозғалысын “Тысқа шықты **бұралып, // Тал жібектей оралып**”[21.217].-деп бейнелеуі портрет-детальға келеді. Осы жолдағы “**бұралу**” мен “**оралу**” сөзінен қыздың нәзіктігін, денесінің жіңішкелігін аңғарамыз. “Аңқау адам туралы” мысалда портрет-ситуация үлгілерін байқауға мүмкіндік бар.

–Арам өлгір, немеге жүрмейсін?!-деп,

Ажырайып арғына сарт қарады [21.179]

дегенде тартынып тұрып қалған есегіне ашулана қараған сарттың бейнесін көруге болады.

Аяды шешем мені ойына алып,

“ Балам,-деп, азап тартып, жүр ғой шалып,

Мінеки, болдым адам енді оналып.

Мұны естіп сарт бейшара кетті шошып,

Адырайып екі көзі зәресі ұшып [21.186]

деген жолдарда күтпеген оқиғаны естіп, шошынған сарттың бет-жүзін елестетуге болады. Бұл екі мысалда да кейіпкердің белгілі бір жағдай үстіндегі бейнесі көрсетілген. Сондай-ақ портрет-детальға мысал ретінде шығарма кейіпкерлерінің төмендегідей кимыл-әрекет түрлерін келтіруге болады:

Ешнәрсе сүттен басқа корек қылмай,

Талпынып екі мен үш жасқа жетті [21.213].

Бұл жолдағы “**талпыну**” сөзі аяғын енді-енді басып, жүруді үйреніп жүрген балаға тиісті қолданылса, “Кеттім ғой су түбіне!”-деп тұрғанда, // **Селтендеп** бір жарты адам шыға келді” дегендегі “**селтендеу**” сөзі тек қана жарты адам кимылына сәйкес орынды қолданылған деуге болады

Қызыл қанға боялып ханым жатыр,
Өрмелейді емшекке бала пақыр [21.209].

Мұндағы “**өрмелеу**” жана туған балаға каратылып жұмсалып, дүниеге келісімен ширак кимылдаған оның кимылына ден қойғызады.

“**Жұлкынды** киімінің бәрін шешіп,
 Уыс алтын алам деп көңілі өсіп” [21.184]

дегендегі “**жұлқыну**” сөзі ақымақ сарттың аңғал, есерсоқ мінезін танытатындай. Мінез - адамның ішкі бітімі. Бірақ адамның сол ішкі бітімін оның іс-әрекеттері мен кимыл-қозғалыстары арқылы да тануға болатыны шындық. М.Ж.Көпеев өз шығармаларындағы кейіпкерлердің болмыс-бітімін, мінез-құлқын кимыл-қозғалысы арқылы шебер сипаттап бере біледі.

1. “Быркылдап майға піскен кой, козыны
 Сұраусыз, ықтиярсыз соя бер!”-де.
 Тауықтың қоразындай **қоқиланып**,
 Боқтайды стражник тұрып төрде [21.48].

2. Халықты жексұрын ғып болыснайлар,
 Оязға жағымсынып **биандаған** [21.40].

3. Байлардан, жуан мойын, зорлық тиіп,
 Шыбжыңдап нашар байғұс **сипандаған** [21.40].

4. Елді алып, үйде отырып күжілдейді,
Шыртыып, қоразданып жігіт паны [21.49].

5. Ас-суын ұстай алмас басын құрап,
Долданып өз-өзінен, жыламсырап.
 Бар да болса, күні боп жоқтан жаман,
 Көрінгеннен **бажылдап** жіп, су сұрап [21.97].

Міне, бұл үзінділерде адамның теріс сипаттарын танытатын сөздер мен сөз тіркестері молынан кездеседі “Қоқиланып” сөзінен стражниктің бойындағы кеудемсоқтық пен өркөкіректік, “биандау” сөзінен болыснайлардың жағымпаздық қылықтары, “сипандаудан” нашар адамның әлсіздігі, “долданудан жаман әйелдің ашушаң кейпін аңғаруға болады. Сол сияқты адамның әр түрлі қалпын көрсететін де сөздер жиі ұшырайды.

6. Арыстан аң-таң болып тұра қалды,
 Жас бала **іркiлместен** жетіп барды.

Құдайым рақым көңiл бергеннен соң,
 Аяп кетіп баланы ертіп алды [21.213].

7. Қуанғаннан Енеке жүгіріп барып,

Дедектетіп баланы келіпті алып,

Дүниесіне болмады ханым ие
Есіл-дерті балаға кетіп қалып [21.62].

8.Аң қуып **арсалаңдап** әлі күнге,
Жүргенмен не бітірдің, айтшы енді [21.68].

Алдыңғы шумақта “Гүлшат-Шеризат” дастанындағы айдалада жалғыз күн көрген бала әрекеті бейнеленген. Ол арыстанды көргенде “іркілместен” жетіп барады. Бұрын арыстанды көріп, оның азулы, жыртқын аң екендігін естіп-білмеген баланың іркілмей баруы заңды да. Келесі үзіндіде жүру түрі “дедектеу” сөзімен берілген. Өлген қызын қайғырып отырған анасына сол қызға ұқсайтын баланы көрсетіп, зарыққан көңілін басуға асыққан күтуші әйелдің әрекеті танылады. Үшінші үзіндіде Әдхам диуана баласы Ибраһим құлағына ғайыптан естілген сөз берілген. Осындағы “**арсалаңдау**” еш уайымы жоқ, алаңсыз күн кешіп жатқан адамға тән әрекет болса керек.

Ж.Аймауытовтың “Ақбілек” романында портреттің шағын түрімен коса көлемді түрі де кездеседі. Қара торы, орта бойлы, қошқар тұмсық, түлкі мұрт, шүңірек көз жігітпін. Жасым жиырманың жетеуіне шығып тұр. Атым-Бекболат. Басымда барқытпен тыстаған кара елтірі жекей тымақ, үстімде орысшалау пенжек, шалбар, сұр шапан. сар сафиянға кара ала жапқан күміс белбеу, аяғымда көнелеу қисық табаным бар. Белбеуімдегі жарғақ далбағайым, шошақты сары қынды мүйіз сапты өткір кездігім, алдыңғы қапталдағы дабыл байлайтын ұзын қайыс шеттігім - менің өнерсіз жігіт еместігіме айғақ болар[2.11]. Маңдайы қаскиып, мойны қаздыып, ауызға салғандай жұтынып, тұр еді-ау. Тал бойында бір міні жоқ жаңа шығып келе жатқан сүйіріктей еді. Шашбауын сылдыр еткізіп, сып етіп түрегелгені, тізесімен ақ көйлегін серпе тастап, аяңшыл бедеудей кербездеме аяқ басқаны, тысқарыда жүріп, жеңгесімен сыбырлап сөйлесіп, дауысы күмістей сыңырлап тәп-тәтті күлгені, әнтек жымыып келіп, шай жасап, өп-өтірік сызылғансып, үш саусағының ұшымен шыны-аяқ әпергені, салалы қою кірпігін салмақпен қағып, анда-санда көз астымен бір қарап қалғаны, мұның шыны-аяғына білдірмей бір кант тастап жібергені...[2.75]. Тани кетті Ақбілек: етегін кірмен зерлеген, төбесін үкі сәндеген, басында найза ақ тақия, қолында шәңгіші асасы, асасының өн бойы шығыршық, кепшік, сылдырмақ, ұшы козы жауырын, мойнында хұсыр тасыбы, таңауы таңқиған, омырауы аңқиған, кеңірдегі сарайған, жіліншігі сидиған, саусақтары сыпсифан, үркек малша окшиған, бес тал сақалы шокшиған, шынжау етті, шың бетті, жағына пышак жанитын, бір көргеннен танитын Іскендір екен кәдімгі[2.52] Бекболаттың портретіне назар аударсақ, онда жазушының кейіпкердің бет-әлпетінен киім киісіне дейін толық бейнелегенін көреміз. Әрі бұл бейнелеуден Бекболаттың қазақилығы басым жан екендігі байқалады. Егер Төлеген үйіне келетін комиссарлармен салыстырсақ, жер мен көктей айырмасы бар екендігі көрінеді. Балташ, Ақбала, Төлегендер жаңа заманның оқыған жастары болса, Бекболат жаңаға орын беріп ығысып бара жатқан өткен заманның ескі көзқарастағы адамы. Оның киімінде ғана емес, ойы

мен сөзі, іс-әрекетінде де желп еткен жаңалық белгісі жоқ. Тіпті ол комиссарлардың дау-дамайын, сөз қактығысуларын да тез ұғынын қабылдай алмайды. Оған бұл көріністер мүлде жат, бөтен. Домбыра шертіп, өлең мен кылжақты үйреніп, мылтық атып, ит жүгіртіп, күс салуды ұнататын ұлттық салт-дәсүрдің адамы. Жазушы осы бір ерекшелікті ашу үшін Бекболатты қазақы бет-бейнесінде алып суреттейді. Шығармадағы Бекболаттың бейнелеуі бойынша берілген Ақбілектің портретінен таза, пәк, күнәсіз, жас қыздың алаңсыз өмірін көруге болады. Осы портрет арқылы жазушы сұлулықты қорқылып, құрбандыққа қиған Мұқаштың намыссыздығын, кекшілдігін қоса танытады. Ақбілек портретін беруде жас қыздың сұлулығын бейнелеумен бірге оған деген Бекболаттың ыстық сезімі, әрі қор болған сұлулыққа деген қимастық та бар. Іскендір диуананың бейнесін сипаттауда дыбыстық-ырғақтылыққа сүйене отырып, оны көргендегі қуанышы қойнына сипай, жүрегі лүпілдей соққан Ақбілектің толғанысын қоса аңғарту бар.

Көлемді портретті жұптық, топтық және мінездеме портрет деп үш топқа бөледі. Топтық портретте бір топ адамның суреті беріледі. Топтық портрет белгілі бір мақсаттағы адамдарды суреттеуде не болмаса әр түрлі жағдай үстіндегі кейіпкерлердің психологиялық жай-күйін танытуда жұмсалады[36]. Бұл келген төрт жігіттің бірі: қошқар туған қозыдай келбетті, бітімді Ақбала еді, енді бірі келбеті де, кесімі де қоңырлау, жүріс-тұрысы да солапаттау Балташ деген жігіт еді, одан соңғы дүрдек ерін, жалпақ мұрын, бір көзін аса, бір көзін баса қарайтын Доға деген қара бұжыр жігіт еді. Төртіншісі - Доғаның жанында ершіктей, Балтаның жанында шапашоттай жымырайған Жорғабек деген кісі еді[2.96]. Топтық портрет ретінде берілген Ақбала, Балташ, Доға, Жорғабектер бейнесінен олардың болмыс-бітімдерін де аңғаруға болады. Қошқар туған қозыдай келбетті, бітімді Ақбала жалынды сөйлейтін, топ ортасында көзге түскенді сүйетін, қиялға берілгіш жас жігіт, келбеті де кесімі де қоңырлау, жүріс-тұрысы да солапаттау Балташ кедей ортасынан шыққан, қарапайым да салмақты жігіт, дүрдек ерін, жалпақ мұрын, бір көзін аса, бір көзін баса қарайтын Доға деген қара бұжыр жігіт "атына заты сай" кейіпкер, мұны біз Кәміләннің әңгімесінен естіп білеміз. Доғаның жанында ершіктей, Балтаның жанында шапашоттай жымырайған Жорғабектің жұртты алдап-арбап, қызығын асыруға құмар жігіт екендігі білінеді.

Жазушы шығармаларында шағын портрет түрлері де жиі кездеседі. Бұған "Ақбілек" романындағы Мұқаштың өз-өзін сипаттауын келтіруге болады. Мен таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақтау, жарбақтау, кірпі шаш, қырыс мандай, қара сұр жігітпін[2.16]. Көк сұр кепе қалпағының астынан қара бұйра шашы мен тышқан көзі бірдей көрініп, мұрты қырылған көк аяз еріні өтірік жымындап, жуан портфелін қолтықтап, әсем киімді, Төлегеннің өзі де келді[2.90]. Ақбілек жаңа шешесіне көз қырын салды. Көзі тікшиген, жұқа қабақ, қайқақ ерін, таңқы мұрын, тымырайған, тымпиған, қайқаңдау қара сұр адам екен[2.167]. Романнан портрет-детальдің түрлерін де байқауға болады. Аяғында орысша етігі бар, ықшам шапанды, жөкей қара тымақты, аузы-басы бияздай кожаға айтқан нияздай қара сұр жігіт ойнақы көзі жалтан етті де, ернін қыбырлатты[2.72]. Ақбілек: "Мен де сенің жолыңа жаным құрбан" дегендей

салалы, оқ кірпігін салмакпен қағып, жылтыраған кара көзін бір төнкерді[2.149].

С.Торайғыров шығармаларынан да портреттің шағын және көлемді түрлерін кездестіруге болады. “Қамар сұлу” романында Қамардың портреті Ахметтің сипаттауында беріледі: Қалам қас, мамык тамак, уыз қойын, // Мөлдір көз, тілің бұлбұл, алма мойын[44.28]. Бұл - шағын көлемді портрет үлгісі. Нұрымның зұлымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяк деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз бен былш-былш насыбай, ішпей мас, әрі нас, елу шамасында жасы бар, қойсақтардың басындай басы бар, жай форымының өзі сұп-суық бүйі секілді түскен, бұқа мойын, өгіз құрсак, алақан көз, жайын ауыз, добыра сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы жануар еді[44.39]. Бұл – көлемді портрет үлгісі. Романда Қамардың портреті Жорға Нұрымның портретіне қарама-қарсы қойылған. Қалам қасты, мамык тамақты, мөлдір көзді, алма мойынды асыл Қамарды аузы толған боғауыз бен былш-былш насыбай, өзі нас, елудегі бүйі секілденген Нұрымға зорлап қосқан жандарды аяусыз сынаумен қоса, осы бір надандыққа назалану сезімі де сезіледі. Келесі “М-ға” деген өлеңді көлемді портрет үлгісі деуге болады.

Жұмыр бас, дөңгелек бет, орта бойлы,
Толық шеке сыпаттар терең ойды.
Тік нык, шын бұраң бел, қардай еті,
Сұлу сымбат көркіне көңілім тойды.

Кең біткен, жазық келген ақша маңдай,
Иілген кара сұрма қасы қандай!
Қарақаттай мөлдіреп күлім көзі,
Қараса жанар төгіп жакқан шамдай.

Ақша бет төмпесіндеу, алқызыл түс,
Меруерт кез шағылған тізулі тіс.
Ақ бұғағы аққудың жемсауындай,
Жаратқан жаратылыс тамаша іс.

Маңдайдан тіктеп түскен пісте мұрын,
Оймақтай қызыл сырлы жұқа ерін.
Ақ мамык, қызыл шие, кара нәркес -
Үш түрмен келтіріп тұр беттің нұрын.

Жібектей майда кара шашы ұзын,
Түр мен сымбат еріткен жүрек сырын.
Оқу, білім, ақыл мен әсем тұлға
Бірдей келген, көрдім мен казак қызын [43.240].

Мұнда акын қыздың сыртқы келбетін толық суреттеп шыққан. Оның әсем көркіне сүйсіну, қызығу сезімі бар. Бірақ лирикалық кейіпкердің ішкі жан дүниесі, мінез-құлқы туралы ой айтылмаған. Себебі акын үшін негізгі мақсат

қыздың сұлулығын келістіре сипаттау. Алайда лирикалық кейіпкердің жан дүниесін кеңірек ашып бейнелемесе де, “Оқу, білім, ақыл мен әсем тұлға// Бірдей келген көрдім мен қазақ қызын” деген жолға барлық айтпақ ойын сыйдырған. Осы соңғы жолды оқығанда ғана ақынның қыздың келбетіне ерекше мән беріп толық сипаттау себебін аңғаруға болады. Өлеңде оқыған, көзі ашық, көкірегі ояу қазақ қызына деген жалпы сүйсіну, тамашалау басым.

От бар-ау кара көзде жанып тұрған,
Сымбаты кыздың сұлу-ақ-ау барып тұрған.
Тік иық, жазық жауырын, орта бойлы,
Жінішке бел қыналып, талып тұрған.

Дөнгелек, кара торы, сұлу беті,
Кім білсін қоныр ма, ақ па қандай еті.
Кірсіз тісі, жұқа ерін, сөзге епті,
Ақылмен біліп сөйлер әрбір текті.

Қара сұрме тігілген қасы жайдай,
Жайдары, ашық мінез, сөзі балдай.
Әдепті әзіл сөзден алдырмайтын,
Ақылға сай, сайраған сұрша таңдай.

Тік түскен көз арасы, пісте мұрын,
Сәніне келтіріп түр беттің түрін.
Кен маңдай, мін тұрарлық жұмыр басы,
Қара жібек секілді ұзын шашы [43.171].

“Қ...ға сәлем” деп аталатын бұл өлеңде де ақын жас қыздың сұлулығын паша етеді. Бірақ алдыңғы өлеңге қарағанда мұнда жас жігіттің сүйіспеншілік сезімі басым. Бұл ойды өлең соңындағы “Сенен асып басқаны таңдамас ем, // Жүрегін мәндік болып қолға тисен”,-деген жолынан да байқауға болады. Екі өлеңді салыстырып қарасак, қыздың портретін бейнелеуде ортақ ұқсастықтар да жоқ емес. **“Қара көз, тік иық, жінішке бел, жазық, ақша маңдай, майда кара шаш, пісте мұрын”** ақын үшін сұлулықтың қалыптасқан үлгісіндей болып саналатын тәрізді.

Портрет мазмұнының ғана емес, оның құрамының да кейіпкер мінезін беруде үлесі бар. Көркем шығармадағы портреттік суреттеулердің құрамы негізі үш құрамдас бөліктен тұрады: 1) адам денесі мен оның мүшелері; 2) киген киімі; 3) бет өзгерісі (мимика), дене қимылы (жест), дене тұрысы (поза). Портрет құрамындағы компоненттер жеке қолданылмайды, олардың алдынан компоненттерді түрлі белгілері жағынан айқындайтын сөздер жүреді. Портрет компоненттерінің белгілерін атайтын сөздер сипаттаушы сөздер деп аталады. Сипаттаушы сөздер кейіпкерлердің кескін-келбетін, киген киімін анықтай, түстей танытады. Олар компоненттерді түрлі қырынан айқындап, дәлелдейді. Сипаттаушы сөздер екі түрлі белгіні атап көрсете алады: 1) Портрет компоненттерінің сыртқы физикалық белгілері; 2) Адамның интеллектуалдық,

психикалық, эмоциялық белгілер.[36.19]. М.Ж.Көпеев шығармаларындағы портреттік суреттеулерінде көзді айқындайтын төмендегідей сөздер жұмсалған: “Гүлшат сынды **қара көз**”[21.216], “Мұндай жан көрмеген көз мұнан бұрын// **Нәркес көз**, ғұнша ерін мен пісте мұрын”[22.55], “Мұхаммед мешіт таба кадам басты,// Көзінен **қара нәркес** төкті жасты”[22.85], “Орта бойлы, **қой көзді**, пітір мұртты”[22.116], “Ерік, ықтияр өзінде жоқтығынан,// Не **жаудыр көз** құса боп, қыршын кетті”[22.118], Көзіндей **құралайдың көзі жайнап**,// Бала жүр көп баламен асық ойнап”[22.60]деген жолдарда **қара көз, нәркес көз, қара нәркес көз, қой көз, жаудыр көз, құралайдың көзіндей** тәрізді көздің түсі мен айрықша белгілерін танытатын сөздер мен сөз тіркестері қолданылған. Ал адамның бетін айқындайтын сипаттаушы сөздерді былайша топтастыруға болады: “Ұзын бойлы, шырайлы, қызыл жүзді”[21.], “Аққұба бидай өңді қиapatым”[22.116], “Қалам қасты, **нұрлы жүз**”[21.15], “Құдайға суық жүзді шет емес пе?”[21.24]. Беттің түсін айқындайтын “**акқұба, бидай өң**”, беттің қалпын білдіретін “**нұрлы, қызыл шырайлы, суық**” сөздері өз орнында келісті жұмсалған деуге болады. Ақын шығармаларынан “**оймақтай аузы бүріліп**”, “**нәркес көз, ғұнша ерін**” тәрізді тіркестерді, мұрын пішініне орай “**пісте мұрын**”, “**қыр мұрын**” деген айқындауларды кездестіруге болады. Ж.Аймауытовтың “Ақбілек” романында көзді айқындайтын төмендегідей сөздер тобы жұмсалған. “**Шүнірек көз, бадырақ көз, шағыр көз, шегір көз, тышқан көз, қасқыр көз, теке көз.**” Адамның бетін айқындайтын сипаттаушы сөздер: “**қара сұр, қара торы, акқұба, бұжыр сары, тарғыл бет**”. Ауыз бен ерінге қатысты сөздер: “**жарық ерін, дүрдек ауыз, көк аяз ерін, дүрдек ерін, қайқақ ерін**”. Мұрын бітіміне қатысты сөздер тобы: “**қошқар түмсық, танқы мұрын**”. С.Торайғыров көз сипатын “**мөлдір көз, алақан көз, қарақат көз**”, бел сипатын “**бұран бел, жінішке бел**”, мойын сипатын “**бұқа мойын, алма мойын**”, ауыз сипатын “**жайын ауыз, жұқа ерін**” деп бейнелейді.

Аталған ақын-жазушылардың шығармаларынан байқағанымыздай портрет адамның мінез-құлқын танытуда ерекше қызмет атқарады. Мәселен, егер кейіпкердің жағымды мінез-құлқын таныту керек болса, онда “**қалам қас, қара көз, нәркес көз, жаудыр көз, пісте мұрын, қыр мұрын, ғұнша ерін, оймақ ерін, нұрлы жүз, қызыл шырайлы, акқұба, бидай өңді, қара торы**” деген сипаттаулар, ал егер адамның жағымсыз мінез-құлқын таныту керек болса, “**қайқақ ерін, жарық ерін, дүрдек ерін, танқы мұрын, бұжыр сары, тарғыл бет**” т.б. қолданылады. М.Ж.Көпеев “Гүлшат - Шеризат” дастанының кейіпкері Гүлшатты аса сұлу ғана емес, ақылына көркі сай қыз ретінде бейнелейді.

Гүлшат сынды қара көз,
Қалам қасты нұрлы жүз.
Ақ бетіне нар келмес,
Сарт тоқыған аппақ бөз.
Ұзын бойлы, қыпша бел.
Тысқа шықты бұралып,
Тал жібектей оралып.
Айдай балқып нұрланып,

Кер маралдай керіліп,
Оймактай аузы бүріліп [21.217].

Бұл сипаттаудан әсем қыздың сұлу келбетін танимыз. Сонымен қоса акынның фольклорлық дәстүрді жалғастырғанын көреміз. Фольклорда портреттік суреттеулер белгілі бір қалыптасқан үлгі түрінде келеді (Г.Сәрсек) деген ойға көз жүгіртсек, бұл үлгінің М.Ж.Көпеев дастанында заңды жалғасын тапқанын байқауға болады. Дастанда Гүлшат сұлулығы негізгі идеямен сабақтасып жатыр. Ең бірінші, Гүлшат әкесі Парахзатты өлімнен құтқаруға себепкер болатын көптен күткен қыз, екіншіден, Шеризаттың теңі болуға лайық жар, үшіншіден, “жамандыққа жақсылық” тілеуші терең ойлы, тілге шешен ақылды жан.

“Адамның пішін, қимылын жан-жақты көрсету керек деу ондағы сипаттар мен өзгерістердің бәрін талғаусыз тізе беру дегендік емес. Көркем әдебиеттегі портрет белгілі бір заңдылыққа бағынады. Кейіпкер түстұлғасының кен алынуы оның ішкі қозғалысының, қыр-сырының терең барлануымен үндесе барып өз жемісін бермек. Демек, кейіпкер сыр-сипатын, өсу жолын кен ашуға, дұрыс бағдарлауға, қаһарманның басты сипатына арнайы назар аударуға қызмет ететін жәйттер ғана портретте негіз бола алады. Портрет мүсіндегенде, суреткер кейіпкер тұрпатындағы көп белгінің ішінде бір, немесе бірер ерекшелікке баса назар аударады”[23.96:97],- дейді ғалым Қ.М.Жүсіпов.

Жазушы Ж.Аймауытов кейіпкерлердің портретін оның жан дүниесімен, мінез-құлқымен байланысты алып бейнелейді. Әдеби портрет алдымен адам жан дүниесінің айнасы десек, жазушы адамның көңіл-күйіндегі өзгерістерді оның сырт реңіндегі белгілерден-ақ танытады. Ж.Аймауытовтың “Ақбілек” романында бас кейіпкер Ақбілектің ішкі мұң-шерін, бет-бейнесін, тіпті жылау ерекшелігін сипаттау арқылы танытады. Өні, түсі екенін біле алмай, көзі алабұртып қостың ішін сипай сүзіп шықты да, түндегі оқиға есіне түскенде қайнап шыққан бұлақтың көзіндей жасы мөлтілдеп, **жылап ағып қоя берді**[1.18]. Апасы есіне түседі де, көзінен **екі моншақ домалап кетеді**[1.21]. Ағажан-ай! — дегеннен басқа аузынан сөз түспеді, ағасын бас салып, **солқылдап** ағыл-тегіл жылады[1.52]. Ішке толған қалын шер кернеп келген бұлақтай қатты ышқынған жас болып, **ыршып-ыршып кетті**[1.53]. Далаға барса да, сіңілісін бауырына басып, көз жасы **бұршақтай домалайды**[1.102]. Ақбілек шыдай алмай, **еңіреп** шыға жөнелді[1.136]. Алғашында Ақбілектің көз жасы жылап ақты, кейін екі моншақ боп домалады, одан соң жасы ыршып-ыршып кетті, тіпті бұршақтай домалады, ақыры еңіреп жылады. Осы жылаудың әрбірінде жас қыздың өмірге өкпесі, тағдырға наласы, басқа түскен тағдыр тауқыметіне қарсы тұра алмай, қиналып, азаптану да бар. Қолынан келері екі көзге ерік беру. Алғашқы сөйлемде есін жиған соң, бөгде ортаға түскенін сезіп, жат көріністен үрейленген, бірақ алдағы тағдырын анық зерделеменген жас қыздың шарасыздығы көрінеді. Келесі сөйлемде жат ортада қамыққан, ана махаббатына зарыққан Ақбілектің сағыныш сезімі танылады. Ал ағасы Әмір келгенде солқылдап, ағыл-тегіл жылауынан, елге келгенде көзінен жасы ыршып-ыршып кетуінен өзімсігендік те, бар қайғы-қасіретімен бөліскісі келетіндігі байқалады. Егер орыстар қолында болған кезде Ақбілек елден

жырақта, бөгде ортада қор болғанына камыкса, елге келген соң адамдардың теріс көзқарастары мен әке катыгездігі қосылып терең қасіретке көміле бастаған еді. Сондықтан да оның көз жасы бұршақтай домалап, еңіреп жылайды. Әдеби портретте адамның сырт пішінінің көшірмесін беріп қана қоймай, оның жан дүниесіндегі сезім арпалысын, өзгерісін меңзеп, жинақтап көрсетуге де болады. Ж.Аймауытов Ақбілектің көзқарасына ғана емес, қабағына, кірпігінің қағысына дейін ерекше мән береді. Ақбілек көнетоз жасыл шапанын көзіне түсіре бүркеніп, белі бәкіше бүктетіліп, бас-аяғы кірпіше жиырылып, құнығып, жасы мөлдіреген кара көзін жыпылықтатып, кара мүртқа анда-санда **көз күйрығын** жіберіп, тандана үрейлене тыңдады[1.21]. Жұлдыздармен бірге үміт сәулелері де бір-біріне батып бара жатқандай Ақбілектің сұм жүрегі әлденені сезгендей болады, **екі көзі жалт-жұлт етіп**, кара мүрттың бетіне қарай берді[1.34]. Ақбілек **көзін аларта бір төңкеріп** ауыр күресінді де: - Бала қайда деп сұрады[1.141]. Алғашқы сөйлемде Ақбілектің болып жатқан оқиғаға түсінбеген сынай танытып, танданушылығы сезілсе, кейінгіде белгісіздіктен шошынып, содан құтылудың жолын іздеген көзқарас көрінеді. Соңғы сөйлемде жаратпау, ұнатпау, жек көру қабат келіп астасып жатыр. Осы көрініс, сезімдердің барлығы кейіпкердің кірпік қағысы мен көзқарасынан айқын көрінеді. Ақбілек үнін шығаруға мұршасы келмей, өлген кісідей отырған жерінде **сіресіп** қалды.[2.45]. Біздің Бекболат та ұшып түрегеліп, босағада **қаздып** тұра қалды.[2.96]. Аксақал өңірін жиып, кобдиланып, тамағын кенеп, ұлық келе жатқандай шалқайынқырап, **сіресіп** қалды.[2.153]. Кемпірдің серейген сүйектері білеуленіп, сорайған түрінен шошып, бала молда кіруін кірсе де, босағада **қалшып** тұра қалды[1.199]. Биені желі басына айдап келіп, Иманқұлға сөйлесті де, Орманбас жылқышы құрығына таянып, **сілейіп** тұрып қалды[1.203]. Көрпебай аксақал таяғын кеудесіне таянып, босағада **қакиып** тұр[1.204]. Қосқа келген бір топ қасқырларды көріп, қорыққанынан қозғалуға мұршасы келмеген Ақбілектің әрекетін жазушы “**сіресіп**” сөзімен сипаттайды. Қартқожаның “**қалшыюында**” күтпеген көріністен шошып, дағдарған кейіп танылады. Аксақалдың “**сіресіп**” тұра қалуында келе жатқан байды қарсы алуға дайындық, әрі жағымпаздану көрінісі аңғарылады. “**Қаздия**” қалған Бекболаттың әрекетінде комиссарларды қарсы алудағы құрметпен қоса ыңғайсыздық табы сезіледі. Патша жарлығын естігеннен кейінгі Орманбас жылқышының “**сілейіп**” тұруында ертенінен шошынған белгісіз бір күй, үмітсіздік тәрізді көрініс байқалады. Көрпебай аксақалдың да “**қакиып**” тұруында да жайсыз, салқын кейіп танылады. Кеспектей дембел кара жігіт **талтандай** басып қарсы барды[1.218]. Мана нарттай Нығыман күреске шығарда қанын ішіне тартып, сұп-сұр болды. Бірақ асықпады, саспады, **кердендей** басып, майданға барды[1.219]... Мамырбайдың бәйбішесі **маң-маң** басып, малайларға киіз үйін қағып-сілкіп жинатқызып жүрген еді[1.7]. Мамырбай шатқаяқтап, орнынан тұрып, аяғын **апырандай** басып, еңтігіп үйіне қарай жөнелді[2.38]. Ұзақ түнгі топты қасқырмен арпалысқанын заматта ұмытып, шонқайма кебісінің жез нәлі тастан тасқа шынылдап, қашқан киіктей **қаздандап** барады ғой[2.46]. “Енді есен-аманында ел шетін көрсем-ау”-деп ұйқы, тамақты шаршағанда ойына алмай, көңілі алып-

ұшып, **ентелей** басып еңтігіп келеді[2.46]. Қара жігіттің ортаға “**талтандай**” басып шығуында оның денесінің ірілігімен қоса, менменсіп, кеуде көтеру де бар. Нығыманның кердендей басып шығуының өзінен-ақ күші мығымдығы, тегеурінділігі әрі өзіне сенімділігі байқалады. Бәйбішенің **ман-ман** басуынан денесінің ауырлығы, жасының егде тартқандығы, соған қоса мамыржай тірлік белгісі сезіледі. “**Апырандай басу**” сөзінен актерды қызылдарға ұстап бергенін естіген соң, болған оқиғаға Мұқаштың қатысы бар екендігін естіп шошынғандықпен қатар қуаныш қоса араласып үйіне асыққан ақсақалдың кейбірі кеткен кейпін аңғаруға болады. Талай күнгі қорлықтан, азаптан, қиындықтан құтылып, бойы жеңілдеп, еркіндікке асыққан Ақбілектің әрекетін жазушы “**қаздандап**” сөзі арқылы бейнелейді. “**Ентелей**” басуынан үйіне жетуге асығып, елін сағынған жас қыздың қуанышын көреміз. Жазушы “**сіресу**”, “**калшию**”, “**сілею**” сөздерін кейіпкердің шошынған, дағдарған кезін бейнелеуге, “**каздию**”, “**какию**” сөздерін жайсыз, ыңғайсыз көріністі беруде қолданса, “**талтандау**”, “**кердендеу**” сөздерін дене көлемі мен күш-қуатын танытуда, “**апырандау**”, **ентелеу**” сөздерін асығу, шапшаң қимылдау деген ұғымды білдіру үшін жұмсайды. Кейіпкердің белгілі бір жағдай үстіндегі қимыл-әрекетін, жүріс-тұрысын сипаттау барысында жазушы олардың жекелеген кейбір қырларын танытып қана қоймай болып жатқан оқиғаға, оның салдарына назар аудартуды жөн көреді.

С.Торайғыровтың “Қайқы күйрек, шұбар қыз, істік мұрын” деп аталатын өлеңіндегі кейіпкер портретін беруде мысқыл табы сезіледі.

Қайқы күйрек, шұбар қыз, істік мұрын,
Кім білсін қандай екен ішкі сырын.
Әдепсіз, молда алдында тасыраят,
Біле алмай отыруды әнтек қырын [43.168]

деген жолдарда сыртқы портретіне мінез-құлқы үйлескен кейіпкерді танимыз. Өлеңде акын кейіпкердің оған қылықтарын, орынсыз шолжандығын ашы сынайды.

Жалаң бас, жалаң аяқ, жыртық дамбал,
Кір көйлек, қомыт күпі, шидем шалбар.
Сары үрпек, көгілжім көз, өні жүдеу,
Қу мойын, аш қабырға аңғал-саңғал.
Жарық қол, қара табан, жалақ ерін,
Толтырған кеудесіне қайғы-шерін[43.208].

“Сарыбас” деп аталатын өлеңнен алынған бұл үзіндіде берілген кейіпкердің портретіне қарап оның әлеуметтік тұрмысы төмен топтың өкілі екендігін аңғарамыз. Өлеңнің негізгі идеясы “кедейдің ақылы жоқ мәңгі” деген ойды жоққа шығару. Берілген портрет өлең идеясымен сабақтасып жатыр. Сыртқы болмысы сүреңсіз көрінсе де, зейіні өткір, оқуға алғыр, сөйлесе жұртты есінен жанылтқан Сарыбастың “Артында жоқ көсеумен қамшылайды, // Ақымақ әуре деген әлін білмей”, - деп кекеткен байлардың күлкісін жоққа шығарғанына акын ризалық сезімін білдіреді.

Әлпеті алмас қылыш жайнап тұрған,
 Ашуы шапшаң, қатты барып тұрған.
 Жасынан зейін, алғыр, тілге шешен
 Қазақша кара сөзге ағып тұрған [44.88].

Сымбатты кара торы, орта бойлы,
 Кеудесі жылдам сезгіш, жүйрік ойлы.
 Осындай, әттен дүние, зеректігін,
 Оқытпай надандыққа байлап қойды [44.89].

“Кім жазықты” романынан келтірілген бұл үзіндіде Әжібайдың шағын портретін көруге болады. Әлпеті алмас қылыштай жайнап тұрған, сымбатты, кара торы, өзі зерек, алғыр, карасөзге ағып тұрған Әжібайдың дұрыс тәрбие көрмеудің салдарынан топастанып, надандыққа жол бергеніне акын өз күйзелісін білдіреді. Әрі мұндай көріністің сол қоғамда кеңірек таралғанын да байкатады.

Жалпы алғанда портрет - көркем шығарманың тұрақты құрамдас бөліктерінің бірі ретінде кейіпкерлердің кескін-келбетін, жүріс-тұрысын, қимыл-қозғалысын, киім-киісін суреттеу арқылы толыққанды көркем бейне, кейіпкер мінездемесін жасаушы амалдардың бірі десек, жоғарыда аталған акын-жазушылар сол амалды өз орнында, негізгі идеяға бағындырып, шығарма сюжетіне үйлестіріп қолдана алған.

“Энциклопедиялық сөздікте мінез яғни характер гректің адамның ерекше белгісі, айырымы деген сөзінен шыққан, ол екі түрге бөлінеді: біріншісі, адамның өзіндік өзгешелігі, екіншісі, адамның тұлға ретінде мінез жиынтығы, психологиялық қалыбы деп түсіндіріледі. Ал әдебиетте мінез деген кісінің психикалық ерекшелік жиынтығы, осы жиынтық оқиғалар барысында әдеби кейіпкерді жеке дара мінез “личность” ретінде қалыптастырады. Әдебиетте мінез әрқилы қалыпта көрінеді. Сатиралық шығармаларда сайқымазақ, кісі күлерлік әрекет үстінде, драмалық шығармада үлкен қастығыстар нәтижесінде басына түскен, сол алапат қиыншылықты жеңіп шығудың жолын іздеген, тағдыр талайынан қаймықпай қарсы тұрған тұлға ретінде, ал әңгіме не болмаса хикаят шығармасында өмірге, маңайдағы тіршілікке өзінше көзқарасы бар, сол көзқарасы арқылы мұңы мен сырын ашып көрсетумен ерекшеленеді. Әр жанрдың өзінше мінезі болады. Мінезсіз дүниеде жер басып жүру мүмкін емес. Ендеше қарастырып отырған әдеби бағыт - мінез кеңінен толғап қарастыратын әдебиетіміздің басты сипаты. Яғни, мінезсіз әдеби персонаж болмайды” [11.5;6],-деген С.Досжанова. Зерттеуші мінезді кең көлемде алып қарастырып, үлкен ой түйіп отыр. Осы мінезді беруде қаламгерлердің суреткерлік дарыны зор роль атқарады. Біз өз зерттеуімізде кейіпкер мінезін бейнелеудегі қолданылатын сөздердің ерекшелігін ашуға ұмтылдык. “...Деталь да...бір алуан кесек көріністі немесе күрделі шындықты ұтымды танытар бірер соны сөз, немесе тың сурет-дерек қана. Әдебиеттегі деталь – суреткердің шабытты еңбегінің нәтижесі, аса сирек ұшырасатын сәтті табысы. Деталь – зағты шындықтың бір қыры арқылы бар сырын тұтас, түгел және бірден, шапшаң танытатын нақты штрих” [24.96:97],-дейді ғалым З.Қабдолов. Қаламгерлер М.Ж.Көпеев, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов кейіпкердің портретін сипаттауда

болсын, олардың мінез-құлықтарын бейнелеуде болсын детальдің көмегіне сүйеніп, сөзді үнемдеп жұмсайды.

Ж.Аймауытовтың “Ақбілек” романында Алтынай, Бозінген. Өрік тәрізді кейіпкерлер бар. Өрқайсысының мінез-құлқында өзіндік ерекшелік бар. Мәселен, Мұқаштың әйелі Алтынайды алайық. Оның бойында ашу-ыза, долылық тәрізді мінездер жоқ, үй шаруасына да пысық әйел. Күйеуінің қызметіне, өзінің тұрмысына дән риза. Тұрмысы түзелген сайын бұрын бұйығы, жаман Алтынайдың тілі де шыға бастаған. Қатындар: күйеуін қайда кеткен? десе, “қызметпен болыс ауылына кетті” немесе “ауылнай шақыртқан екен” деп тұмсығын көтеріңкіреп, ернін бір жымырып қоятынды шығарды[2.31]. Алтынайға құдайдың берген бір мінезі – анда-санда **кілтін етіп, кегжиіп қалатын**[2.31]. Қызыл алақандары қошқар мүйізденіп, кестеленген, әлдеқашанға жыртылған ақ орамалына беті-қолын сүртіп жатып: -Бүк түсіп жата қалғаны несі? Атыңызды қайтуші едің?-деп **тонк етті** 2.31]. Көзін тырнап ашқаннан ұйқыға барғанша **күйбеңдеп**, не қолында, не аяғында бір дамыл бола ма екен [2.30]. Сүтін жайлап, ілегенін төгіп, күлін шығарып, ыдыс-аяғын жуып болған соң, Алтынай пештің түбіндегі шекпен жапқан кара аякка үн салып алып, жүресінен отырып, **тоқырандап** бауырсақ иледі[2.33]. Алтынайдың “тұмсығын көтеріп, ернін бір жымырып қойғанынан” күйеуінің дәрежесін жоғары санап, оған өзі мақтанып, кеуде көтергісі келетіндігі байқалады. “Кілтін етіп, кегжиіп қалуы” оның күйеуіне көрсеткен қыры ғана. Одан асып бөгде мінез көрсету ойында жоқ. Алтынайға тән әрекет “ күйбеңдеу, тоқырандау”. Келесі кейіпкер Бозінгенді жазушы өсек-аянға үйір, даңғой, шаруаға олак жан ретінде бейнелейді. Көрші қатын үйге кірген кезде Бозінген ауызын қайыстай созып: -Қойшы енді, Өнуаржан! Ұйықтатшы, қалқам!-деп, бір қолымен Өнуаржанды қағып, келіншегімісіп, **қыпшасын қылмитып, бөксесін бұлтитып**, өз денесіне өзі сүйсінгендей қылымсып жатыр еді[2.62]. Көрші қатын сипаңдап босаға жақта тұрғанын көріп, Бозінген **маңызданып**, қасын бір **керіп**: Күмсінай, жай жүрсін бе?-деді[2.62]. Бозінген әлдебір қызық өсек айтады екен деп, кимешегін желкесіне қарай бір тартып, **жапандап**, құлағын гаяқ берді [2.62]. Сөйткенше болмады, “ күйеу келді” дегеннен жаман Бозінген **апырандап** түрегеліп, жалма-жан ауыз үйге барып, Күмсінайға қайталап бір аяқ үн салып берді [2.62]. Өз үйіне түгел естірген соң, бұл хабарды ішіне сыйғыза алмай, Бозінген бошалаған түйеше **тайрандай** басып, екі қолын алды-артына құлаштай сермеп, Бірқұлактікіне қарай жөнелді [2.62]. -Құдай-ау, мына тұрған біздікіне келместен, есінен айырылған сорлы Күмсінайдікіне не алғалы қонып жүр екен”-деп **саңқылдап** келеді [2.63]. “Қыпшасын қылмитып, бөксесін бұлтитып, қылымсып жатуы” Бозінгеннің ішкі сипатын аша түседі. Маңызданып қасын керіп кербез, паң адамның әлпетін танытқысы келгенмен, бұл қимылында жасандылық бар. Ішкі дүниесі мен сыртқы келбеті бірін-бірі толықтырған осы кейіпкердің қимылы да өрескел. Оған “апырандау”, “тайрандау” тән. Аталған қимылдардың өзі Бозінгеннің келеңсіз мінез-құлқын танытуға қызмет етеді. Ақбілекті аяп, іш тартқансып саңқылдауы да жалған. Жазушы кейіпкердің мінез-құлқын толық сипаттап тұрмай-ақ, бірді-екілі сөзді тиімді қолдану арқылы таныта біледі. Үшінші кейіпкер Өрікке келсек, оны

көргенде Ақбілекке жылан кіріп келе жатқандай әсер еткен болатын. Шынында да Өрік көк долы, қатыгез, күншіл, өсекке жуық жан еді. Өрік түк қымсынбастан, тізесін шоңайтып, жұртқа **қарсы карап, шалқайып отырып** шай ішті [2.168]. Қазы тілгенде, шұжық бүйен карта қылғанда, мүше бұзғанда Өрік өзі **қақайып** қарсы стыратын болды [2.170]. Өрік кимелеп: -Тәйт әрі, албасты қатын кар! Сенікі ме? Сен неге қыстырыла қалдың! Менен тумалы дейтін шығарсың. Қарғамақ түгілі отқа тастап жіберсем де, менің қолымнан алатын кісі жоқ. Балаға ара түскенді көрсетпе! Паһ! Бауырың екен, көрдік!-деп **шаптығып, жерден алып жерге салды** [2.170]. Жұртқа қарсы карап шалқайып отыруынан-ақ кейіпкердің ұялып, қымсынуды білмейтіндігі, ештеңеден тайынбайтыны, иілмейтін мінезі көрінеді. Қақайып қарсы отыруы оның қытымырлығын танытса, шаптығып, бұрқырауы ашушаңдығын байкатады. Жазушы Өрік бейнесін сипаттау тұсында Ақбілектің басына түскен қиындық көлемін де қоса аңғартады.

С.Торайғыров “Қамар сұлу” романында кейіпкер мінезіне арнайы тоқталмай-ақ, керісінше олардың сөйлеген сөздері мен іс-әрекеттерін бейнелеу арқылы байкатады. Адам бойындағы жағымпаздық, күншілдік, қараңғылық, данғойлық тәрізді ұнамсыз мінез-құлықтарды бірер сөзбен, бірер ұғыммен бере біледі. Әрқайда Омекен білсін деп, үлкен басын кішірейтіп, алдына түсіп **жалпылдап** жүреді [44.41]. Қамар біреуінен әншейін бір істің жөнін сұраса да: “Қамар маған сүйдеді, бүйдеді”-деп неше күндей әркімге бір әйгелетіп, **даурығуға** со да жетуші еді [44.23]. Қазандай ақ сәлде, пұшпақтарына түскен ақ шапан төмен карап тізіліп, үзіліп тұрған бір түрлі айбынды, құдайы жануар болғанға, ауылдың кіруге қорғанған жаман-жұман кісілері де: -Жарықтық, әулиелер ғой!-деп сырттан тұрып **мұлғуші** еді [44.67]. Ауыл отағасылары да : “Жөні осы. Бәрекелді қайырлы болсын. Бір-біріннің ықыластарына қарай міне, жарасты ғой”,- деп, өліп-өшіп **жарамсақтанып-ақ** жатыр[44.40]. ...Сорлы Қамар мен халін көріп жаны ашитын Омар болмаса:

Бір күн тойса есектер,

Ми жоқ алдын есептер,-

деп,тойған тоққа, жиылған топқа **буланысып, лепіріспеген** жан жоқ еді[44.48]. Бірақ аулының малға мастанған мұрындықсыз желбастары ғана Ахметтің зеректігін көре алмай **күндеп, ішгері жарылып кете жаздаушы** еді[44.24]. Не қылса да әлгілер онан-мұнан тіміскелеп жүріп, бір нәрсе сезді ме, сезіктенді ме, өздерінен өздері елегізіп, түн бойы ұйықтамастан, итше шұбырып жүру жұмысына мықтап тұрып кірісін алған еді[44.35]. Шылқымайға кірдім ғой мұртынан күліп, тіпті бұрынғы бұрынғы ма, төбесі жайлау, төсі қыстау болып, есі шығып **еліріп** кетті[44.40]. Әншейінде тасбиғын тартып, оны-мұныға кіріспей отыратын Қалтаң қажы да **бұрқырап**:

- Бұларға өзі секілді қара жүрек орыс болмаса, не Ахмет секілді сыпборбай, шала казак болмаса, басқа мұсылман кісі жаға ма...-деп, шатып-пұтып бір жағынан ол ақырды[44.42]. Нұрымның жалпылдауы жағымпаздықтың бір белгісі болса, Қамарды қоршаған топтың даурығуы олардың кеудемсоқтығын, топастығын, ауыл адамдарының қожаның өтірігіне нанып “**мұлғуі**” надандықтарын көрсетеді. Ел жігіттерінің тіміскелеп жүруінің өзі олардың

Ахметтен Қамарды қызғанып күндестік отын қоздырушылар екендігін айқын танытады. Оспанның Жорға Нұрымның ойын білген соң есі шығып еліруінің өзі оның өз пайдасын ойлайтын пейілі арамдығын байкатады. Қалтаң кажының бұрқырауынан, сөйлеген сөзінен сезімсіз топастығы жете көрінеді. “Лепірісіп”, “буланысқан”, “даурыққан”, “жарамсактанған”, “мүлгіскен” топты көрсету барысында акын Қамар сұлудың надандықтың, киянаттың, зорлық-зомбылықтың құрбаны болғандығын дәлелдей түседі.

М.Ж.Көпеев те адамның теріс сипаттарын қысқа да нұсқа етіп бейнелеуге шебер.

Таусылмай ала жаздай күнде жиын.
Жұмысы жоқ еш бітірген жалғыз тиын.

Сабылтып жалғыз атын тулақ қылып,
Кедейге мүбәрәк жоқ болды киын [21.37].

Жыртылды байға ерумен кедей таны,
Есінен адастырып байдың маңы.
Күпілдеп үйде отырып күжілдейді,
Жігіттің қоразданған кейбір паңы [21.37].

Томпитып қалтасына жүрген сыймай,
Біреуге ешбір жанға көзі қимай.
Алған соң төкаппарлық сатып менен,
Дүрдиер өз үйіне өзі сыймай [21.190].

Сиырдай катып жүрер дәл болған құрт.
Көмейде жоқ, бос сөзбен толтырып ұрт.
Еңтігіп желбірейді екі танау,
Семіз деп құр көрумен айттым деп жұрт [21.190].

Жүргенін білмес өзі батпақ, саздан,
Үлкендік айтып қояр аздап-аздап.
Арлан тазы бұтындай бұлтиып
Едірейіп, екі көзі шыға жаздап [21.191].

Жоғарыдағы келтірілген үзінділерде адамның бірер қырын көруге болады. Еш жұмысы жоқ, әйтсе де күнде жиынға барумен күн өткізіп, кедейдің ат сабылтқан мағынасыз тірлігін, паңдық құрмақ болып күпілдескен жігіттердің данғойлығын, төкаппарлыққа ие болған байдың көңілі өсіп, дүрдиюі, семіздігін паш етіп, бос мақтанға салынып, екі танау желбіреуі, екі көзін едірейтіп ессіздік пен есерлік көрсетуін акын дәлме-дәл беріп, сәтті сипаттаған. “**Сабылтып**” сөзі арқылы бұл әрекеттің жиі қайталанып, әдетке айналғанын көрсек, паңсынған түр танытатын кей жігіттердің менменсіген кейпін “**күпілдеп күжілдеу**” тіркесі арқылы ашады. Төкаппарлықтың зорайған көрінісін “**өз үйіне өзі сыймай дүрдию**” деген сөздер қатар келу арқылы дәлме-

дәл сипаттайды. “Еңтігіп желбіреген екі танаудың” сипатына көз салғанда срынсыз бос мақтанға салынудың асқынған түрі айқын сезіледі. Ел арасынын шырқын бұзумен ғана қоймай үлкендік құрып жол көрсетпек болған елдің есерсок мінезді жандарын “едірейіп екі көзі шыға жаздап” деген тіркесінен-ақ байқауға болады.

М.Ж.Көпеев шығармаларында адамның мінез-құлқын, жүріс-тұрысын бейнелеуде “жұлқыну”, “қокилану”, “бипандау”, “сипандау”, “шыртию”, “қораздану”, “бажылдау”, “іркiлмеу”, “дедектеу”, “арсаландау”, “сабылу”, “даурығу”, “күпілдеу”, “дүрлію”, “еңтігу”, “едірею” тәрізді сөздер тобын жұмсаған. Ж.Аймауытов адамның мінез-құлқын, жүріс-тұрысын “тұмсығын көтеру”, “ерінін жымыру”, “кілтін ету”, “кегжию”, “тоңк ету”, “күйбеңдеу”, “тоқырандау”, “қылымеу”, “маңыздану”, “жалпандау”, “апырандау”, “тайрандау”, “саңқылдау”, “шалқайып отыру”, “қақаю”, “шаптығу” сияқты сөздер мен сөз тіркестері тобын пайдалану арқылы сипаттайды. С.Торайғыров “жалпылдау”, “даурығу”, “мүлгісу”, “лепіру”, “жарамсактану”, “буланысу”, “іміскелеу”, “еліру”, “бұрқырау” деген сөздерді қолдану арқылы адамның теріс сипаттарын бейнелейді. М.Ж.Көпеевте жекеленген, нақтыланған бір адамға ғана тән мінез-құлық, жүріс-тұрыстан тора жалпы қауымға ортақ әрі кеңірек жайылған, яғни жиі кездесетін дерлік мінез-құлық пен жүріс-тұрыстар бейнеленген. Ж.Аймауытовта адамның жиі кездесетін мінез-құлық, жүріс-тұрыс сипаттарын жинақтаумен қоса, әр кейіпкерге сай даралау да бар. С.Торайғыровта көпшілік арасына тараған ортақ мінез-қылықтар мен жекелеген кейіпкерлерге тән мінез-құлық көріністері араласып сипатталған. Қай-қайсында болмасын адам портретін, жүріс-тұрыс, мінез-құлықты сипаттауда қолданылған сөздер шығарманың негізгі идеясына бағындырылып, кейіпкерді мінездеуде, оқиғаға оқырман назарын аударуда, қорытынды ой түюде елеулі қызмет атқарады.

“Жазушы шығармаға қатысушылардың сыртқы портретімен қатар ішкі портретін - мінезін, құлқын, наным-сенімін, дүиеге көзқарасын суреттейді. Әдебиетте мұны мінездеу дейді.

Адам образын жасауда мінездеу айрықша орын алады. Өйткені әдеби образдың ерекше көзге түсуі де, мәңгілік есте қалуы да адам мінездерінің шебер жасалуымен байланысты. Сонымен қатар, шығармада әдеби мінез жеке адамға тән сипат етіліп суреттелсе де, ол – сандаған мінездердің жиынтығы және кейіпкердің өз ортасына тән, сол жағдайға лайықты, әбден екшеленіп алынған мінездердің сіріндісі”[14.58],-деп ғалым Қ.Жұмалиев жазғанындай М.Ж.Көпеев, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов өз шығармаларында кейіпкерлердің портретін көрсетумен бірге, олардың мінез-құлқын бейнелеуде ерекше мән бере білген. Сол қоғамға, сол қоғамның адамдарына ортақ сипаттарды дәуір шындығына сай кейде бүтіндей, кейде бөлшектей алып, жинақтау мен даралауға сүйене отырып, жекелеген кейіпкерлерге тән етіп сипаттайды.

“Психологиялық анализ жасауда кейіпкердің мінезінің құбылысын, сөйлеу мәнерін, қозғалыс-қимылын айқын бояумен, жарқын детальдар арқылы аша білуде жазушыдан шеберлікті талап етеді. Образ жасаудың диалог, монолог, портрет сияқты құралы ортақ болғанымен оны қолдану тәсілдері, әр

суреткерде әр басқа. Ол жазушының түйсіну, көре білу ерекшелік сырына байланысты"[34].С.Торайғыров, Ж.Аймауытов та кейіпкер мінездерін сомдауда портретке,біреу детальға жүгінеді. Сол арқылы айтылатын ойды нақтылай түседі. Қаламгерлер шығармаларында адам портретіне, мінез-кұлқына, жүріс-тұрысына байланысты қолданылған сөздер образды бейнелеуде, ойды әйгілеуде, кейіпкерді мінездеуде айрықша орын алып, поэзиялық яки прозалық шығармалардың тіл байлығын танытуда ерекше қызмет атқарады. Демек, кейіпкердің мінез бітіміне, адам портретіне, қимыл-әрекеттеріне тән сан алуан қасиеттердің бірігіп, біте қайнаған тұтастығын танытатын сөздер қоры көркем образдың өзегі, негізгі арқауы. М.Ж.Көпеев, С.Торайғыров,Ж.Аймауытов шығармаларында адамның мінезін, қимыл-әрекетін, портретін бейнелеуде қолданылған сөздер бірнеше дән басып көрсетілген сипат-өзгешелік арқылы аз сөзбен көп мағына беріп, адамның бейне-тұлғасын көзге тұтас күйінде айқын елестетуге мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Көркем шығарма тілінің әр түрлі ұғым-түсініктері бар. Соған сәйкес оны зерттеудің аспектілері де, әдіс-тәсілдері де түрлі-түрлі болып келеді. Бұл тұрасында зерттеуші Б.Шалабаев былайша пікір білдіреді: “Көркем әдебиет тілін талдаудың бірінші аспектісі - оны өз тұсындағы жалпыхалықтық тіл немесе әдеби тіл көріністерінің бірі ретінде алып, сол дәуірдің тілін зерттеуге қажетті материал ретінде пайдалануға болады. Бұл жағдайда белгілі бір жазушының немесе нақтылы бір шығарманың тілі негізінде жалпыхалықтық тілдің белгілі бір құбылысы түсіндіріледі. Көркем әдебиет тілінің екінші аспектісі - көркем әдебиет тілінің тарихын әдеби тілдің тарихы ретінде түсініп, сол тұрғыдан талдау. Бұл жағдайда көркем шығарманың тілі белгілі бір дәуір әдеби тілінің дамуындағы тенденциялардың заңды көрінісі ретінде алынады, оны зерттеу сол дамудың нақтылы ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі. Бұл тұста әр жазушының әдеби тілді дамытуға, байытуға қосқан үлесі анықталады. Көркем әдебиет тілін зерттеудің үшінші аспектісі – жазушы тілін шығарманың көркемдік, эстетикалық қасиетін анықтайтын сапалардың бірі ретінде талдау. Бұл лингвостилистикалық талдау -- әдебиеттану ғылымымен ұштасып жатады”[45.12]. Ғалымның пікіріне қосыла отырып, біз өз жұмысымызда көркем шығарманың тілін сол шығарманың тіл байлығын және автордың өзіндік сөз қолдану мәнерін танытатын негізгі көзі ретінде қарап, талдау жасап, баға бердік. Нақтылы көркем шығарманы талдау барысында суреткердің сөз қолданудағы өзіндік дара өрнектерін, тек сол жазушыға тән тілдік қолданыстарды айқындауға көңіл бөлдік. Авторлардың сөз қолданудағы жинақтау мен даралау тәсілдеріне назар аудардық.

Көркем шығармадағы кейіпкерлердің жүру, тұру, отыру, сөйлеу, қуану, ренжу түрлерін бейнелейтін бірнеше сөздер мен сөз тіркестерін келтіре отырып акын-жазушылардың тіл байлығын дәлелдеуге күш салдық. “Көркемдік деталь – мағыналық, көркемдік мәні бар ұсақ ерекшелек, сөз болып отырған нәрсенің жекеленген сипат-белгілері. Көркемдік детальдар қолдану егжей-тегжейлілікке әлігіп, майда-шүйдені жіпке тізгендей тере беру емес, ол әншейінде оп-онай көзге түсе бермейтін өзгешеліктерді байқағыштықтан, көрегендіктен тауындайды, сондықтан ол өмір құбылысының, әр түрлі нәрсенің ерекшелігін, сондай-ақ адамның бойындағы қандай да бір қасиет-сипатты дәл тауып, бейнелеп беру шеберлігін танытады”[6.187;188].-деп ғалым З.Ахметов көрсеткеніндей М.Ж.Көпеев, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов шығармаларынан не нәрсе суреттеліп, қандай жағдай баяндалса да бүтінді жеке бір бөшегі арқылы, тұтас құбылысты кейбір дара сипаттары арқылы немесе адамның іс-әрекетін, жүріс-тұрысын бір-екі қимыл-қозғалысы арқылы әсерлі көрсету кезінде көркемдік деталь қолданудағы жазушылық шеберлікті айқын ажыратуға болады. Адамның мінез-құлық, жүріс-тұрысына қатысты сөздерді қолдануда аталған қаламгерлер көркемдік детальдың көмегіне сүйенген. Акын-жазушылар кейіпкердің мінез-құлқын тура суреттеумен бірге, олардың жүріс-тұрыс, қимыл-қозғалысын бейнелеу арқылы да танытады. Адамды мінездеуде әр қаламгерге тән өзіндік ізденістер мен тіл байлығын танытатын сөздердің

колданылу ерекшеліктеріне талдау жүргізілді. Сонымен қоса синонимдердің қайталанып, қосарланып, қоспадан қолдану немесе екінші рет қайталан қолданбас үшін синонимдік қатардағы сөздерді тандап жұмсау тәрізді тәсілдерді үйлестіріп жұмсағандығын байқадық. Атап айтқанда М.Ж.Көпеевте синонимдерді қайталау, қосарлап қолдану, біреуін тандап жұмсау көп кездессе, С.Торайғыровта синонимдердің дыбыстық-ырғақтық жақтарына мән беру, бір-бірін айқындау үшін жұмсауға мән берілген. Ал Ж.Аймауытовта фразеологиялық синонимдердің қолданысы көбірек ұшырасады. Сондай-ақ синонимдер тіл дамуының көрсеткіші болып саналатындықтан, олардың ренктік ерекшеліктері ойды әсерлі, көркем жеткізуге мүмкіндік беретіндігін көрсеттік. Көркем шығармада қолданылу өрісі мен атқаратын қызметіне талдау жасалынды. Тіліміздегі қалыптасқан синонимдерді әр жазушы өз мақсатына сай қолданатындығы ажыратылды. Шығарманың тіл байлығын танытатын синонимдік қатарлардың ойды әсерлі жеткізуде, шығарма тілін ажарландыруда көп қызмет атқаратындығы көрсетілді. Тұрақты тіркестердің синонимділігі, ондағы ойдың көркем шығармада көрініс табуы сол синонимдердің ерекшелігі болып танылатындығы белгіленді. Авторлық қолданыстағы немесе контексте ғана танылатын фразеологиялық синонимдердің көркем шығармада кейіпкердің жан-дүниесін бейнелеуде ерекше орын алатындығына көз жеткіздік. Поэзия мен прозада әр суреткер өзінше қолтаңба қалдырады. М.Ж.Көпеев, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов шығармаларының тілі негізінде ұлт болмысын, тарихын, салт-дәстүр, ұлттық сана, тұрмыс-тіршілігіне байланысты қолданылған.

“Әдеби портреттің эстетикалық мәні орасан. Суреткердің әсемдік сезімі (чувств прекрасного), әсемдік мұраты, әдеби портреттен кең көрінеді. Жазушы адам жан дүниесіндегі қай сипатты бірінші орынға қояды, қайсысын ең ұнамды, керім деп бағалайды? Соның бәрінің айнасы - әдеби портрет” [23:99;100], - дейді Қ.М.Жүсіпов. Портрет – көркем шығарманың тұрақты құрамдас бөлігі болып саналады. Кейіпкердің кескін-келбетін, жүріс-тұрысын, мінез-құлқын, болмысын тануға болады. Акын-жазушылар портретті кейіпкер мінездемесін жасаушы амалдардың бірі ретінде қолданады. Портрет адам денесі мен оның мүшелерін атайтын сөздер, киім киісін, бет өзгерісі, дене қимылы, дене тұрысын сипаттайтын сөздер тобынан тұрады. Оның түрлі тілдік құралдармен күрделеніп, көркемделіп келуі - әсерлі де айшықты суреттеудің негізі болып табылады. М.Ж.Көпеевте портреттің шағын түрлері, С.Торайғыровта портреттің шағын түрлерімен бірге көлемді түрлері, Ж.Аймауытовта портреттің көлемді түрлері жиірек кездеседі. Кейіпкердің кескін-кейпін құр бейнелеумен шектелмей сол арқылы оның мінез-құлқын, көзқарасын ашуға күш салады. Адам портретін сипаттауда жұмсалған сөздердің өзі алуан түрлі. Көзді, ауыз-ерінді, белді, бетті, мұрынды бейнелейтін сан түрлі сипаттаушы сөздердің мол қорын кездестіруге болады. Сонымен қатар адам портретін тұтастай көрсетпей-ақ жекелеген қырларын бейнелеу арқыты да жалпы кейіпкер туралы, белгілі бір оқиға кезіндегі жағдайы жайында, іс-әрекеті хақында мағлұматты жинақтап бере біледі. Адам портретін беруде ортақ ұқсастықтар болғанымен де сөздерді тандап-талғап орынды жұмсауда,

үнемдеп қолдануда әр акын-жазушыға тән өзіндік ерекшеліктер жеткілікті. "Сөз – адамның ой-сезімін жеткізудегі бірден-бір күшті құрал. Сондықтан көркем ойлау жүйесі шексіз бай. Сөз өнерінің көркем әдебиетінің үлкен қоғамдық мәні оның танымдық күшімен, өмір шындығын, қоғамдық құбылыстардың терең сырын, қайшылығын ашып беретін көркемдік қуаттылығынан туады. Әдебиетте шыншылдықпен көркемдік шеберлік, эстетикалық әсерлілік біте қайнасып, біріккен сипат танытады. Әдебиеттің шыншылдығы мен көркемдігі артқан сайын оның тәрбиелік, өнегелік мәні күшейе түседі[6.72].

М.Ж.Көпеев, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов шығармаларының тілі көркем де бай. Олар арғы-бергі замандағы қазақтың әрлі де нәрлі асыл сөздерін мол игерген, жете меңгерген және өз шығармашылықтарына сіңірген.

Сондықтан да аталған акын-жазушылардың шығармаларының тәрбиелік, өнегелілік қасиеті арта түсіп, көркем ойлаудың биік шыңын таныта бермек.

Акын-жазушылар М.Ж.Көпеев, С.Торайғыров, Ж.Аймауытовтың қай-қайсысы болмасын ауыз әдебиетінен, сөз зергерлерінің тәжірибелерінен үйренген, халқымыздың ұшан-теңіз тіл байлығынан қана сусындаған. Сол тәжірибені өз шығармашылық өнерлерінде шебер пайдаланған.

Мектепте көркем шығарманың тілін оқытуға мүмкіндік беретін қажетті әдіс пен жеке бір тәсіл ізденісі үнемі жетілдіріліп отырылуы қажет. Бүгінгі талап тұрғысынан біз қолданған әдіс-тәсілдер оқушының ой-қиялын дамытып, ақыл-ойына, сезіміне әсер етіп, кең дүниетанымын, жан-жақты түсінігін қалыптастыруға, білімнің беріктігін қамтамасыз етуге, тіл байлығын көтеруге септігін тигізуі тиіс. Мектептегі сабақ – оқушының барлық іс-әрекетінің үйтқысы. Сондықтан іс-әрекеттің негізгі жүйесіне нұқсан келтірмей сыныптағы оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім және тәрбие берудегі табиғи байланыс тереңдетіліп, олардың тиянақты білім мен тәрбие алудағы дағдыларын өз дәрежесіне көтеруде әдебиет сабақтарында жүргізілетін жұмыстардың мәні зор. Оқыту процесінде оқушылардың белсенділігін жетілдіру, оқушының сабақтағы зейінділігі, сондай-ақ дербестігін дамыту, өзіндік пайымдау, білім дағдыларын өмірде қолдана білуге баулу негізгі мақсат.

Көркем шығарманың тіл байлығын оқытуда оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасын қолдану жолын көрсеттік. Бұл жоба оқушыларды өз бетінше тұжырым жасауға, қорытындыға келуге, ұқсас құбылыстар арасынан тиімдісін таңдай білуге, проблеманы шешуге жетелейді. Сын тұрғысынан оқытудың маңызы неде десек, бұл жоба бойынша бірнеше әдістер пайдаланылады, оқушыларда белсенді практикалық іс-әрекет қалыптасады, өзара қарым-қатынас жасай білуге үйретеді. Топтық тұжырымға келе білу, өз тұжырымыңды қорғай алу сияқты іскерлікке баулиды. Аталған педагогикалық технологияның ерекшелігі, оқушының өзі арқылы, оның оқу іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы, ойлау дағдыларын дамыту мен жетілдіріп отыру арқылы мақсатқа жету. Мұнда тапсырмалар жүйесі құрылып, деңгейге бөлінеді. Мәтін таңдап алынған соң жұмыс түрі белгіленді. Мұғалім оқушыға бағыт беріп, жол көрсетеді, ал оқушы тапсырма құрылымын өзі шешіп,

максатқа жетуге ұмтылады. Тіл байлығын игеруде, тіл жұтандығын жоюда проблеманы шешу үшін оқушының өзін іздендіру керек. Осы тұрғыдан келгенде аталған педагогикалық технологияны қолданудың мәні зор болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аймауытов Ж. Шығармалары. А. “Жібек жолы”, 2003.312б
2. Аймауытов Ж. Акбілек. Астана “Елорда”, 1998.324б
3. Акшолоқов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту А., “Рауан” 1994. 223б
4. Акшолоқов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. А, “Мектеп” 1975. 275б
5. Алпысбаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары. А, РБК , 1995. 227 б.
6. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. А, “Ана тілі”1998. 384б
7. Белбаева М. Язык художественных произведений Султанмахмута Торайгырова. Автореф. дисс на соиск. уч. степ. канд. фил. наук. Семипалатинск. 1966.23б
8. Болғанбаев Ә. Синонимдер сөздігі. А, “Мектеп”. 1985.308б
9. Болғанбайұлы Ә, Ғалиұлы Қ Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы.А. “Санат”, 1997. 256 б
10. Бисенғали Зинол –Ғабден Қабиұлы. XX ғасыр басындағы казак романдары. Фил. ғыл. док. дисс. авторефераты. Алматы, 1997.52 б
11. Досжанова С. Мінездер галереясын сомдағанда. //Қазақ тілі мен әдебиеті. №5-6. 1996. 94б
12. Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. А., “Ғылым”, 1992. 200 б
13. Жаксылықова К. Мәтінмен жұмысты ұйымдастыру. //Қазақ тілі мен әдебиеті. №5. 1999. 17-18 б
14. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. А. “Ғылым”1968.265б
15. Жұмалиев Қажым. Әдебиет теориясы.а, “Мектеп”, 1969. 243б
16. Жүсіпов Қ. Қазақ әдебиетін оқыту. Павлодар, 2003.254б
17. Жүсіпов Қ. Көркем сөздің күдіреті. Павлодар, 2000.288б.
18. Зейнуллина А. Жүсіпбек Аймауытұлының казак романын калыптастырудағы ролі. Фил. ғыл. канд. дисс. авторефераты. Алматы, 1998.22б
19. Кәрілжанова Г.Т. Ж.Аймауытұлы прозасы тілінің көркемдік ерекшелігі. Фил. ғыл. канд. дисс. авторефераты. Алматы, 2004.26б
20. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. А., “Мектеп”, 1969
21. Көпеев М.Ж. Таңдамалы. А., “Ғылым”, 1990.273б
22. Көпеев М.Ж. Шығармалар. 1-2 т. “Алаш”. 2003. 504б; “Алаш” , 3-4 т. 2004
23. Қ. Мәшһүр Жүсіптегі. М. Әуезовтің портрет жасау шеберлігі. // “Қазақ тілі мен әдебиеті”, №4. 1995. 96-103 б.б
24. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. А, “Жазушы”, 1983.455б
25. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. Астана, “Фолиант”, 2002 .471б
26. Қоңыратбаев Ә. 4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы. А, “Мектеп” 1987. 176 б
27. Құрманбаева Г., Дүйсебаев С. Әдебиет сабақтарының үлгілері. А., “Білім”. 1999. 142 б
28. Қайыпбаева А. Тұрақты тіркестердің поэзия тіліндегі қолданысы (Мағжан. Сәкен, Ілияс шығармалары бойынша). Фил. ғыл. канд. дисс. авторефераты. Алматы. 2001.31б

29. Литературный энциклопедический словарь. М. Советская энциклопедия, 1987. С. 289.
30. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. А., "Санат", 1996. 335б.
31. Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. Әдеби сын еңбектері. А., "Жазушы", 1970. 541б.
32. Мектепте қазақ әдебиетін оқыту. А., "Мектеп", 1968. 196б.
33. Методика преподавания литературы. М., "Просвещение", 1985. 202с.
34. Оразалинов С. Шындық және көркемдік шешім. А., "Жазушы", 1977.
35. Оразбаева Ф. Синонимика имени прилагательного в современном казахском языке. Автореф. дисс. на соиск. уч. степ. канд. фил. наук. А., 1979. 23б.
36. Сәрсек Г. Р. Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкерді мінездеуші тілдік-стильдік тәсілдер. Фил. ғыл. канд. дисс. автореферат, А., 1998. 27б.
37. Сәрсек Г. Көркем шығарманың құрылымдық бірліктері. Павлодар, 1999. 73б.
38. Сәтенова С. "Қазақ тіліндегі көп тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты". Фил. ғыл. Докт. дисс. А., 1997. 210б.
39. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. А., "Сөздік-словарь", 2002. 192б.
40. Сыздыкова Р. Абайдың сөз өрнегі. А., "Санат", 1998. 208б.
41. Сыздыкова Р. Сөз күдіреті. А., "Санат", 1997. 224б.
42. Тапанова С. Алғашқы қазақ романдарындағы әйелдер образын жасау эволюциясы. Фил. ғыл. канд. дисс. авторефераты. А., 1998. 24б.
43. Торайғыров С. Шығармалар. 1-т. А., "Жазушы", 1987. 380б.
44. Торайғыров С. Қамар сұңу. А., "Атамұра", 2002. 240б.
45. Хасанова С. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі. А., "Мектеп", 1972. 132б.
46. Шалабаев Б. Көркем шығарма тілі және оны мектепте оқыту. А., "Мектеп", 1982. 87б.
47. Шалабаев Б. Көркем проза тілі. А., "Білім", 1994. 128б.